

А. Галиев

Томирис



АРУНА
БАШКАРМ



ББК 63.3 (5 каз)
Г 16

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Галиев А.

*Досым әрі әріптесім, осетиндік ғалым, осетиндер мен қазақтар мәдениетіндегі скиф,
сақ және алан мұраларын зерттеуші Вилен Савельевич Уарзиатиға арнаймын*

Г 16 Томирис. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна», 2005.
– 92 бет. – («Шығыстың ұлылары» топтамасы)

ISBN 9965-26-051-6

«Аруна» баспасы «Шығыстың ұлылары» атты топтаманың жалғасын ұсынады. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туындыда сақ патшасы, әйгілі амазонкалардың ізін басқан жауынгер әйел, туған даласының тәуелсіздігін қорғаған ұлы қолбасшы – Томирисінің өмірі суреттелген. Шығарма балалардың танымына жеңіл қарапайым тілмен жазылған.

Г $\frac{0503020905}{00(05)-05}$

ББК 63.3 (5 каз)

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

ISBN 9965-26-051-6

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005



Мазмұны

Мәңір сыйы.....	4
Бабалар дәстүрі.....	6
Алашқы жорық.....	10
Хиелі қазан.....	13
Сынақ.....	15
Мабылған ақыл.....	17
Әке қазасы.....	19
Алтын тостаған.....	27
МСауынгер қыздар.....	31
От басындағы әңгіме.....	36
Молбарыспен айқас.....	40
Мазы да жорық.....	44
Молмирис - патшайым.....	48
Молмирис - ана.....	52
Ауыр қайғы.....	56
Молмирисінің таққа отыруы.....	60
Аян берген оқиға.....	63
Швекараға келген жау.....	65
Қирдің ішкі есебі.....	71
Аян.....	76
Асқанға - тосқан.....	78
Мұзақ.....	82
Қайтқан кек.....	85

Тәңір сыйы

Кас жігітше арғымағына қарғыш мінген массагеттер көсемі шаба жөнелді. Жолмен келе ме, жолсызбен келе ме, түсініп жатқан ол жоқ. Бар дүниені ұмытқан. Басында тек жалқы ой. “Жасым болса келіп қалды, – дейді іштей Тәңіріге жалбарынып, – о, Құдайым, тілеуімді бере көр! Бір ұл бер, соңғы жорығыма аттанбас бұрын тұқымымның өшпегенін көрсет көзіме”.

Кіндігінен өрбіген ұлдарының бәрі жорықтарда қаза тапқан болатын. Мына жасқа келгенде бала болады деген ой үш ұйықтаса түсіне кірмеп еді. Енді, міне, Құдай оның есепсіз ерліктерін ескеріп, тағы бір нәресте сыйламақ. Қазір соның сәті жақын. Көсемді құла түзге алып шыққан да осы. Ол оңашада Құдайға жалбарынып, рақымын сұрамақшы.

Бұл уақытта әйелінің толғағы басталып, көмекке талай бала өсіріп, немере баққан үлкен кісіні шақырады. Ол кісі жүн түтетін тарақты* әйелдің бас жағына қойып жатып:

– Бәле-жаладан сақтап, жын-жыбырды жаныңа жақындатпасын, – деп күбірледі. – Ал енді қатты қиналмауың үшін жіп аламыз, – деді де, алдын ала дайындалған ақ жіпті әйелдің бойына өлшеп, үзіп алды.

– Мына түйіндер қалай оп-оңай шешілсе, босануың да солай жеңіл болсын, – деп сөйлеп жүріп жіптің бірнеше жерінен түйін жасады да, оны шапшаң қимылмен қайта шешті.

Кемпірдің сөздері Көк Тәңірінің құлағына жеткендей. Сол сәтте ол жарық дүние есігін ашқан кішкентай ғана қызыл шақаны қолына алды. Алақанымен құйрық жағынан жайлап тартып жіберіп еді, іңгәлаған дауыс өмірге жаңа адам келгенін паш етті.

– Сүйінші! Қыз бала, өзі сондай сүйкімді! – деді кіндік шеше.

– Қыз дейсіз бе? – деді әйел жабырқау үнмен. – Отағасына бұл жаңалық жаға қоймас, ұл күтіп еді.

– Әрине, бұл Тәңірдің ісі, Құдайға күпірлік жасауға болмайды. Қарашы өзің, қандай сұлу! – деді таңдана.

*тарақ – үш бұрышты, ортасы саңылау жүн тарайтын құрал.





Нәресте жылауын қойып, тынышталған соң жын-шайтандар жоламасын деген ырыммен оны жүн түбіттейтін үлкен тарақтың саңылауынан өткізді.

– Періштең қолдап-қорғасын, өмір жасың ұзақ та бақытты болсын, – деді де, сәбиді анасына ұсынды.

Бұл жаңалықты естіген көсемнің қабағы түйіліп, көңілі бұзылды. Бірақ кішкентай нәрестені қолына алған кезде ол:

– Халқымыздың талай батыр қыздары болған, жауға шауып, ел намысын қорғаған. Қызымды мен де жауынгер етіп тәрбиелеймін. Атын Томирис қоям, – деп жадырап сала берді.

Сақ-массагеттер көсемі айтқанын бұлжытпай орындады. Қызына өзі қатысқан жорық, майдандар жайлы түрлі оқиғаларды айтып беретін болды. Үнемі қасына ертіп жүріп, қару ұстауды, атқа мінуді, аң аулауды үйретті. Томирис туыстарынан ағаларының да айбынды жауынгер болғанын, олардың алыс елдерде қаза тапқанын білді. Осындай әңгімелер құлағына сіңіп өскен Томириске аса қатты ұнағаны жауынгер-қыздар – амазонкалар* жайындағы аңыздар еді. Елдің айтуынша, олар тіпті қару ұстап, соғысуға ыңғайлы болу үшін төстерін де алғызып тастаған. Томирис жауынгер қыздардың өлімге қарсы тұрған қайсарлығына, жаужүректігіне қызығатын.

**амазонкалар – салт атқа мініп, қару-жарақ асынып жүретін жауынгер әйелдер.*



Бабалар дәстүрі

Массагет қыздары да кішкентайынан өжет болып өскен. Олар ұлдардан қалыспай атқа мініп, садақ ұстап, аңға шығуды да әдетке айналдырған. Томирисің әкелген олжасы басқаларға қарағанда қомақты болатынын байқап әкесі іштей қуанып жүретін. Бірақ көзінше мақтаған емес. Арасында садақты дәл көздеу мен оның адырнасын тартуды, жебе тартқан кезде желдің бағыты мен жылдамдығын ескеруді өзі үйретіп жүрді. Біртіндеп қызының қолы қатайып, мергендігі артты.

Осылайша жылдар жылжи берді. Уақыт өткен сайын әкесінен әл кетіп, қуаты кеми түсті. Өлім туралы жиі ойлайтын болды. Массагеттер кәріліктен өлуді нағыз еркек үшін масқара санаған. Ондай адамды қорқақ деп сыйламаған. Сол себепті жасы келген еркектер құздан құлап өлген. Ал қызын нағыз жауынгер етіп өсіруге серт берген көсем бабалар дәстүрін орындауға асықпады.

– Ұлдарың өзіңнен бұрын кетті. Олар жаумен соғысып, нағыз ер өлімімен өлді. Ал сен қызыңды еркелетіп, ертегі айтып әлі жүрсің. Жақында өзің де қуыршақ ойнап кетерсің. Мүмкін, есіңнен ауысқан шығарсың, – деп жастар жағы мазақ қылды. Бұл сөздер көсемнің жанына батты.

– Елім шынымен де менің даңқты істерімді, сақтардың ішінде маған тең келер жан болмағанын естен шығарған ба? Мен туралы талай аңыз-әңгімелер айтылғаны қайда? Дұшпан менің атым аталғаннан-ақ қорқып дірілдейтіні ше? Осының бәрі ұмыт болды. Енді құрмет пен атақ басқаларда. Солардың ерлігі мақтан етіледі. Қалай болғанда да сертімді орындадым – қызымды ержүрек, батыр етіп тәрбиеледім. Енді елдің есінде қауқарсыз шал боп қалмай, бабалардың ауылына қолымнан қаруым түспеген күйде кетуім керек.

Осындай шешімге бел буған көсем кеңес шақырады. Кеңеске ең қадірлі, ең айбынды жауынгерлер жиналды. Олар орын-



дарына жайғасып, төрде отырған қолбасшыларына қарады. Көсем орнынан тұрып, сөйлей жөнелді:

– Көпшілігіңнің көкейіңде көсеміміз бабалар дәстүрін ұмытып, құздан құлауға жүрегі дауаламай жүр деген сөз жүр. Бірақ мен мұны жасамаймын!

Бұл сөзді естіген кеңес мүшелері орындарынан атып-атып тұрды.

– Қорқақ! – деп айқайлады олар. – Қызыңның қызығын қызықтап, қартайғанша жүремісің?

Біреулері тіпті ызалана қылыштарына қол салды. Көсем қолын көтеріп:

– Иә, мен о дүниеге аттану үшін құздан құламаймын, – деді бұрынғысынан да қатаң әрі нық дауыспен. – Мен жорыққа шығуды ниет қылып отырмын, Құдай жөн көрсе, ажалымды шайқаста табамын.

Осы сөздерді айтып, өз туын алды да, жерге қадады. Бұл майданға шақыратын белгі. Кеңес мүшелері мен жауынгерлер аңырып, сілейіп тұрып қалды.

– Мен сенімен бірге барамын! – деді бір жауынгер тыныштықты бұзып.

– Мен де қосыламын!

– Мен де! – деген дауыстар тұс-тұстан шығып жатты. Көздері жанып, жұдырықтарын түйе түскен жауынгерлер:

– Қашан дайын болуымыз керек? – деді. Кеңес мүшелерінің арасынан біреулері:

– Кешір бізді, данышпан қолбасшы. Біз сені қартайған шағыңда қорқақ болып бара ма деп ойлап едік. Қазір қайда бастасаң, соңыңнан еруге даярмыз.

Қолбасшы басын изеп, қолын тағы көтерді. У-шу басылған соң:

– Өздеріңе сенім артқаным мен де қуаныштымын. Ендігі міндет – жорыққа аттанатын күнді келісіп шешу.

Өз күштерін сынауға асыққан жастар сол сәтте-ақ жүріп кеткісі келді. Тәжірибелі жауынгерлер асықпай, түбегейлі, тиянақты дайындалу қажет деп тапты.







Жорыққа аттанар күн жақындағанда барлығы бір-біріне сенімді, берік болуға ант ететін рәсімді өткізді. Оны бабалар өсиет еткен. Рәсім бойынша тудың айналасына қару-жарақтарын қойып, сарбаздар көсемнен соң салтанатты антты қайталайды: “Жолдастарымды жауға бермеуге, жаралы достарымды жаудан құтқаруға, мерт болғандардың денесін арулап Жер-Ана құшағына тапсыруға ант етемін!” Осыдан соң туға маңдайларын тигізіп, қол ұстасып тұрып: “Бір анадан туғандай бірге боламыз, бір-бірімізді қорғаймыз” дегенді айтады.

Кеңес аяқталған кезде айналаны қараңғылық басқан болатын. Жауынгерлер қолбасшы айтқан жаңалықты өздерінше талқылап, топ-топқа бөлініп тарап кетті. Қолбасшы орнында отырған күйі алдағы жорықтың жоспарын ойлады. Кенет ту сыртынан сыбдыр естіліп, біреудің жақындағаны сезілді. Келген қызы екен.

– Әке, – деді Томирис, – жорыққа мені ертесің бе?

– Кішкентай жауынгерім менің, еркектермен күш сынасуға саған әлі ертерек. Ақинақ* пен найза ұстауға жаттығып, шыңдала түсу керек.

Айтқанына көндіре алмасын түсінген Томирис әкесін үнсіз тыңдады.

Жорықтың басталар мезгілі де келіп жетті. Енді қайтып көріспесін білетін қолбасшы әйелімен, қызымен соңғы рет қоштасты. Мұны әйелі де сезеді, бірақ Құдайдың қаһарына ілігуден қорқып, көз жасын көрсетпеуге тырысты. Қызымен қоштасып тұрып, әкесі:

– Томирис, сен батыл әрі ақылды боп өстің. Қылыш, найза ұстауды өзім үйреттім, енді аңанды қорғай алатыныңа сенімдімін. Кейін өз ұлдарың болғанда, аталарының қорқақ емес, нағыз ер болғанын айта жүр, – деді де қызын қатты қысып құшақтады. Сонан соң артына қарамастан арғымағына беттеді. Бұрынғыдай атына жеңіл қарғып мініп, алыстағы қорғанға, сарбаздар жиналатын жерге қарай жүріп кетті.



*ақинақ – скифтердің қаруы, тұрқы қысқа келген қылыш.

Алғашқы Жорық

Жорыққа қару асынуға жарайтын жасы бар, кәрісі бар, тәжірибелісі бар, тәжірибесісі бар сарбаздардың бәрі жиналған. Ауылдан ұзап шыға бере олар құпия тілмен сөйлесуге көшті. Құпия тілді соғыс кезінде бұлардың іс-жоспарын дұшпаны түсініп қалмас үшін пайдаланатын болған.

Ертесінде сарбаздар тынықпақ болып бір жерге жайғасып жатқанда алыстан шаң көрінеді. Далалықтардың қырағы көзі сақтарша киінген атты әскер келе жатқанын алыстан-ақ байқаған. Аттылар жебе ұшатын қашықтықтан алыстау жерге келіп аттарының тізгінін тежеді. Топтың ішінен қымбат киінген, белбеуіне алтын қынапты ақиғақ ілген жауынгер алға шығып:

– Сәлем бердік, қолбасшы. Сіздердің жорық бастағандарыңыз туралы хабар бізге де жетті. Құдай өзі қолдасын! Біздің де қосылуымызға рұқсат етіңіз, – деді.

– Қош келдіңдер, көршілер! Сендердің білек күштеріңмен қаруларыңның пайдасы тиіп, жолымыз болатынына сенемін. Алайда маған бағынатын боласыңдар, сонда ғана тиесілі олжаларыңды аласыңдар. Біздің оң жағымыздан орын тебіңдер.

Жауынгер басын изеп, жасағына қарай бет алды.

Әскер алға жылжыған сайын жаңадан жасақтар қосылып, қатары молайып жатты. Кейбір жасақтар тіпті алыстағы сақ тайпаларынан болып шықты. Әрбір жасаққа негізгі әскердің оң және сол қанатынан орын белгіленіп берілді. Түн ішінде тағы бір топ қосылды. Жап-жас басшысы бар шағын жасақ – бар-жоғы қырық адам.

– Сендер қайдансыңдар? – деп сұрады қолбасшы жас жауынгердің жүзіне үңіле түсіп. Бірақ оның бет-жүзін анық көру мүмкін емес, бас киімін көзіне түсіріп алыпты.







– Біз сақ-хаомаваргтар еліненбіз. Бұл жақта өз шаруа-мызбен жүр едік, – деп жауап берді жас қолбасшы бір түрлі қарлыққан дауыспен. – Қымбат бұйымдарды қаруға айыр-бастау үшін келгенбіз, сіздердің бастаған істеріңізді естіп, әскеріңізге қосылуға бел шештік.

– Сені бір жерден көрген сияқтымын, – деді көсем.

– Қателесесіз, – деді жігіт. – Мұнда бірінші рет болуым. Мүмкін бір кездері менің туыстарымды көрген боларсыз?

– Мүмкін, қателескен шығармын. Жарайды, күштеріңді сынап көріңдер.

Жас жігіт бұрылып, жеңіл жүріспен ұзай бергенде, қолбасшы:

– Біліп едім, Томирис, саған ешнәрсе кедергі бола алмайтын-нын, – деді күбірлеп.

Көсем қателеспепті, бұл шынында да өз қызы еді. Әкесі алыс жорыққа аттанғанда Томирис жолдас қыздарымен еркектерше киініп, үй-ішіне аңға кеттік деген сылтау айтып, жолға шығады. Біраз уақытқа дейін араларын алыс ұстап жүреді де, бірнеше күннен кейін ғана әскерге қосылуға бел буады.



Киелі қазан



Әскер Исседон елін бетке ұстап, солтүстікке қарай қозғалды. Күндердің күнінде олар өз иеліктерінің орта тұсына жетеді. Мұнда киелі қазан қойылған.

Аңыз бойынша, ерте заманда сақ елін бір данышпан патша билепті. Бірде жауынгерлерінің санын білмек болған ол «әрбір сақ жебесінің ұштығын әкелсін» деген әмір береді. Бұл жарлық елдің алыс-жақын аймақтарына түгел тарайды. Ұштықтардың көп болғаны сонша, патша оларды балқытып, қазан құюды бұйырады. Қазан адам айтқысыз үлкен болып шығады: қабырғасының қалыңдығы алты елі, ал ішінің кеңдігі сонша, кішірек үстел қойып, бірнеше еркек жайғасуға болатын еді. Кеңесе келіп бұл қазанды сақ жерінің орталығына қоюды ұйғарады. Мұның мәні: «қазан ортада тұрғанда сақ ұрпақтары үзілмейді, қазаннан ас кетпесе, халық аштық көрмейді» дегенді білдірген. Сақтар үлкен мейрамдарда осы жерге жиналып, қазанға ас пісірген және ең маңызды, мәні зор мәселелерін талқылап, шешім қабылдаған.

Киелі қазан тұрған жерде биік тау көз тартады. Бұл – соғыс құдайы Арестің ғибадатханасы. Скиф аймақтарының әрқайсысында Құдайларға арнап осындай үйлер тұрғызылған. Оларды үлкен әрі биік етіп бірінің үстіне бірін үйіп тастаған шөпшек, шырпылардан жасаған. Ең үлкен шөпшек-тау орталықта орналасқан. Оның үш қабырғасы тік, ал төртіншісі көлбеу болып келген. Көлбеу жағынан үстіңгі төртбұрышты алаңға шығуға болады. Табиғат құбылыстарының әсерінен мұндай құрылыстар шөккен, сол себепті жыл сайын оны жаңартып, үстемелеп отырған. Әрбір төбе басына ескі темір қылыштар орнатылған. Осы қылыштың жанына жыл сайын жылқы не ірі қара малды, кейде тіпті адамды әкеліп, құрбандық шалған. Әрбір жүз тұтқынның біреуі құрбан етілетін. Рәсім бойынша, құрбандыққа шалынатын малдың не адамның





басына алдымен шарап құяды, сонан соң оны бауыздап, қанын қылышқа құяды. Қылышқа арналған құрбандардың саны құдайлардікінен артық болуы тиіс.

Сақтар бұл жорықтары сәтті өтсе, Арес пен қылышқа тұтқындардан көп құрбандық шалуға болатынын ойлады.

Кеш батып, ел от басына жайғасты. Томирис пен құрбылары да оттың қасына ыңғайлана отырып, құпия қазан туралы әңгіме қозғады.

– Қазанның сиқырлы екені рас па? – деп сұрады ең қызыққұмар біреуі.

– Әжемнен естіген бір хикаяны айтып берейін, – деп бастады қарсы отырған құрбысы. – Баяғыда екі дос өмір сүріпті. Олар сиқырлы қазан туралы әңгімені естіп, оны тауып алмақ ниетпен жол-сапарға жиналады. Екеуінің бармаған жері, баспаған тауы қалмайды, ақырында сағасы кең бір өзенге тап болады. Кенет қарсы жағадан күндей жарқыраған, таңғы жұлдыздай құбылған үлкен затқа көздері түседі. “Көрдің бе? Бұл – сиқырлы қазанның тап өзі. Егер оған тамақ пісірсең, жеті жылға жетеді екен. Ол баяғыда біздің бабаларымыздікі болған, кезінде оны күшпен тартып алыпты. Қазір қазанды жын-шайтандар күзетеді екен”, – дейді бірі. Екеуі ойлап-ойлап қазанды қайтару керек деп шешеді, бірақ қалай істеу керектігін білмейді. Содан ақыл сұрап данышпанға келеді. “Бұл оңай шаруа емес. Ол үшін сиқырлы қылыш пен қанатты тұлпарды табуларың керек”, – дейді ол. Екі дос қылыш пен тұлпарды іздеп, жер жүзін шарлайды, неше түрлі қиындықты бастарынан кешеді. Ақырында, солардың көмегімен жауды жеңіп, халыққа киелі қазынасын қайтарып береді.



Сынақ



Түрлі қиялға берілген қыздар түнді ұйқысыз өткізді. Көсем де көз ілмеді.

– Бізге массагет жасақтарынан көп жауынгер қосылды, – деп ойланды ол. – Олардың біразының жорыққа бірінші рет шығуы, тіпті кейбір қолбасшыларды әлі де жақсы білмеймін. Соғыста олар өздерін қалай көрсетер екен? Исседон жеріне кірмей тұрып, бұларды бір сынап алар ма еді?

Осы оймен бір түйінге келген патша сарбаздар мен қолбасшыларды бірге қимылдауға үйрету үшін аңға шығуды жөн көрді. Ол әрбір сарбаздың қимыл-қозғалысын аң аулау кезінде анықтауға болады деп ойлады. Оған қоса өздерін азықпен қамтамасыз етер еді, елден алып шыққан қорлары таусылуға айналған. Ойын әбден сараптап алған қолбасшы жасақ басшыларын жинап, алдағы міндетпен таныстырды. Барлық жауынгерлер бір қатарға тұрып, созылып, өзенге қарай жүру керек, ал екі қанаттың соңындағылар біртіндеп шеңбер жасауы тиіс. Көсем өз жасағымен ортада қалады. Бұйрық алған жасақ басшылары қаруларын сайлап, тапсырманы орындауға әзірлену үшін өз қостарына тарады.

Саят құру таң ата басталды. Шегі жоқ ұзын тізбек құрған сарбаздар өзен жаққа бет алды. Көсемнің бұйрығымен бәрі ақинақтарын қалқандарына ұрып дауыс берді. Қару-жарақтардың сатыр-сұтырынан үріккен жануарлар қайда барарын білмей, естері шыға қаша жөнелді. Шеңбер тарыла түсті. Қоршаудан шығып қашпақ болғандарын сақтардың үш қырлы жебелері тірі жібермеді. Аң қуудың қызығына түскен жауынгерлер айқай-шуды күшейте түсті. Томирис өз жасағымен өзеннің келесі бетінде, алдын ала арнайы жіберілген жауынгерлердің арасында еді. Олар өзеннен өтпек болған аңдардың алдын тосуы тиіс. Томирис жебелерді бірінен соң бірін ұшырды. Бір жебесі бос кеткен жоқ. Бірақ бұл бәрібір





қыздың көңіліндегідей, өзі ойлағанындай болмады. Ол арғы беттегі аңшылыққа қатысқысы келген. Бұл кезде шеңбер де тарылған. Қоршауда қалған аңдар жанталаса түскен. Кәрі арлан қасқырлар көздеріне қан толып, азуларын ақситып аттыларға тап берді. Аналар оларды сойылмен ұрып, бастарын қақ айырды. Қасқырларды өлтіріп біткен соң, сақтар қоршауда қалғандардың бәрін қырды да, оларды сойып, терісін сыпыруға кірісті. Бәрі көңілді, әркім өз мергендігін айтып мақтануда. Сәлден кейін от жағылып, жауынгерлер аң етін қылыштарына өткізіп, пісіре бастады.

Қолбасшы да өз ісіне разы болды: аңшылық сәтті өтті, жастар қару қолдануды тамаша меңгерген екен. Енді еш күмәнсіз соғысқа аттануға болады.



Табылған ақыл



Арада тағы біраз күн өтті. Бұл уақытта жауынгерлер өз елінің шетіне жақындап қалған. Одан әрі Исседон жері басталады. Сондықтан әскер осы жерге тоқтап, сәл тыным алмақ болды. Оған қоса алдағы соғыстың жоспарын кеңесу керек. Жауынгерлер қосын орнататын жерді белгілеп, ұрыс дайындығының қамына кірісіп те кетті. Жасақ басшылары көсемнің кеңесіне бас ордаға жиналды. Артынша көсем бастаған топ биік төбеге шығып, шеңбер жасап сапқа тұрды. Көсем қаншама қырғын майданды бірге кешкен қасиетті қылышын алып, жерге қадады. Бұл – жорық сәтті болу үшін жасалатын көне дәстүр. Дәстүр бойынша осы қылыш пен соғыс құдайына арнап құрбандық шалынуы керек. Бір кезде екі сарбаз Құдайға арналған үлкен өгізді жетектеп алып келіп, бақсы дұғасын оқып болған соң бауыздап, қанын қылышқа құйды.

Дәстүрлі ырым-жоралғы өткізілген соң сақ әскері Исседон жеріне табан тигізді. Алға оздыра жіберілген барлаушылар аздан кейін аттыларды көргенін хабарлады.

– Исседондар біздің келгенімізді білді. Енді олар әскер жинайды. Сондықтан шапшаң қимылдағанымыз жөн, – деп ойлады көсем.

Сақтар Исседон жеріне тереңірек бойлап кіре берді. Жол бойы тек көшкен елдің жұрттары көзге ілігеді. Ізге қарағанда олардың аз ғана уақыт бұрын асығыс жиналғаны көрініп тұр.

– Біз олардың малдарын тартып алып, әрі кері қайтып үлгеруіміз керек, сондықтан осы жүрісімізден танбайық, – деді көсем.

Бұлар енді тоқтаусыз жүріп отырды. Келесі күні барлаушылар жол бойында отар-отар қой, табын-табын жылқы жайылып жүргенін хабарлады. Көсем малшыларды ұстап алып келуді бұйырды. Алайда кәрі малшылар мардымды ешнәрсе айта алмады. Олардың білетіні – исседондардың тек малды мұнда қуып әкеліп тастап, өздері көшіп кеткені.





Көсем кеңес өткізбек болып, әскербасыларын жинады. Барлығы бұл істің мәнісін іздеп бас қатырды. Олардың жорамалдарына көсемнің көңілі толмады. Түрлі ұсыныстар да болды. Біреулері оңай келген олжаны алдыға салып, кері қайтуды, біреулері малды айдай жүріп, алға жылжуды, ал үшіншілері малды тастап, исседондардың ізіне түсуді дұрыс көрді.

– Тағы қандай ұсыныстар бар? Кім қалды сөйлемеген? – деді көсем.

– Мұнда жасақ бастап келген жас қолбасшы бар, сол айтсын, – деді араларынан біреуі.

Томирис орнынан тұрып:

– Мен айтсам бола ма? – деді балғын даусын ұлдардың даусына салып.

– Ақыры тұрдың, айт енді, – деп жиналғандар күлкі етті. Көсем қолын көтеріп еді, барлығы жым болды.

– Сөйле! – деді көсем қатқыл үнмен.

– Исседондар малды біздің жолымызға әдейі тастап кеткен. Мынадай олжамен жылдам қозғала алмайтынымызды біледі. Сол уақытты пайдаланып, әскер жинап үлгермекші. Менің ұсынысым: олжа малды аң аулау кезінде жараланғандармен қосып елге қайтару қажет. Ал басқамыз исседондарды қуып жетіп, талқандайық. Жас жауынгердің сөзі ешкімді бей-жай қалдырмады. Оның осы ұсынысының қазіргі жөні түзу жалғыз шешім екеніне көздері жеткен кезде бәрі жеңілденді. Көсем де қызына риза болды. Іштей «Жарайсың, Томирис!» деп күбірледі.

Массагеттер мол олжаны елге қайтарып, өздері сапарларын жалғастырды. Сарбаздар жорықтың сәтті басталғанына қуанды. Ел әлгі жас жауынгердің ақылдылығына таң қалды. Алайда болат сауыттың ішіне жасырынған жас қолбасшының қыз бала екені ешкімнің ойына келген жоқ.



Әке қазасы



Әіраз күн жүрістен соң, барлаушылар алдыңғы жақта массагеттердің алдауға түспегенін біліп, шайқаспаққа бел бұған исседондардың атты әскері тұрғаны жайлы хабар жеткізді. Көсем шайқас алдында сарбаздарды да, аттарын да тынықтырып алуды ойлап, әскерін тоқтатты. Ел қаруларын сайлап, сауыттарын тексеріп, дайындық қамына кірісті. Барлаушылар сағат сайын қарсы жақтан хабар жеткізіп тұрды. Исседондардың атты әскері бара-бара молайып, жауынгерлермен толығып жатқан екен.

Ұрыс алдындағы түн қобалжумен өтті. Таң білінер-білінбестен көсем сарбаздарына соғысқа даяр тұруға бұйрық берді. Өзінің соңғы шайқасы, соңғы сағаттары екенін біле тұра, өте сабырлы. Массагеттер сапқа тұрып болғаны сол еді, алыстан көк пен жердің арасын қара дауыл жасап аттылар көрінді. Бұл исседондар болатын. Бетпе-бет келген екі жақтың арасында сәл үнсіздік орнады. Тек аттардың пысқырынғандары ғана естіледі. Бір кезде исседондар екіге жарылып, қапсағай денелі сарбаз алға шықты. Ол массагеттердің намысына тиіп, шымбайына бату ниетімен:

– Ей, массагетсіңдер ме, кімсіңдер өзі! Біздің жерімізге не іздеп келдіңдер? Ажал айдап келді ме? Қаруларың мен арғымақтарыңды тастап, өздерің жоғалыңдар бұл жерден! Көздеріңді құртыңдар! – деді.

Сарбаздар бұған қарқ-қарқ күлді. Намыстанған жастар жағы қылыштарына жармасып еді, тәжірибелі сарбаздар сабырға шақырды. Бұлардың арасынан біреу:

– Біз сендердің бастарың үшін келдік, ал малдарың біздің қолымызда, – деді.

Енді массагеттер жағы дуылдасып, исседондар тосылып қалды.

– Бос сөздің керегі не? – деді әлгіндегі денелі келген сарбаз. – Массагеттердің қолынан құр сөзден басқа ештеңе келмейді, тіпті сендердің жауынгерлерің қартайғанша жүретін болғанын



бүкіл дала біледі. Уақытты зая жібермей ескінің дәстүрімен шайқасайық, Тәңірінің қалауын көрейік.

Осыны айтып, найзасын аспандата көтеріп, сілкіп-сілкіп қойды.


Мына сөз жүректеріне инедей қадалған массагеттер қанша атой салып, өздерін мазақ етіп тұрған әумесердің аузын мәңгілікке жаппақ болғанымен сабыр сақтады. Дәстүр бойынша, алдымен, екі жақтан бір-бір адам жекпе-жекке шығуы керек. Осы жекпе-жек үшін массагеттер қазір майдан алаңында тұр. Бұл – кәрі көсемнің күткен сәті.

Көсем саптың алдына шықты. Алдағы қауіп оны жігерлендіре түскен, өзін жас кезіндегідей батыл, күшті сезінеді.

– Араларыңнан жастау ешкім табылмады ма?
– деп исседон қайта мазаққа басты. – Әлде сендерде өңкей кемпір-шал ма?

– Сендер сияқты қазан бұзарлармен кемпірлер мен шалдар соғысуы керек, – деп жауап қайырды көсем.

Осыдан соң екі жауынгер қарама-қарсы келді. Екеуі де сөзді доғарған, бір-біріне айбат шегіп, аңдысып тұр. Олардың әр қимылын баққан арттағы қалың қолда үн жоқ. Бір сәтке аз ғана тыныштық орнаған. Әрбір жауынгер іштерінен дұғаларын оқып, Құдайға жалбарынып, жеңіс тілеуде. Бәрінен де





қатты сыйынған – Томирис. Ол қазір әкесінің орнында болып, өлімді қасқия қарсы алғысы келді. Құдайдан әкесінің найзасын қолдауын бар жүрегімен тілек етті.

Бір мезгілде қарсыластар бір-біріне оқтай ұшты. Найзалар темір сауыттарға тиіп, сарт-сарт ете қалды да, шауып барып, аттарын бұрып, қайта ұмтылды. Бұл жолы кәрі көсем дұшпанын атынан ұшырып түсірді. Гүрс етіп құлаған исседон жалма-жан атып тұрып, қаруына жармасты. Көсем де атынан секіріп түсіп, беліндегі қылышын жарқ еткізіп, суырып алды. Исседон қаруын оңды-солды сермеп, жақындай берді. Көсем оңтайлы сәтін күтіп, дайын тұр. Қарсыласы оны қылышпен турап тастамақ болып еді, көсем соққыны денесіне дарытпады. Мұндай сәтсіздік исседонды әбден ызаландырды. Ашудан көзіне қан толған ол айла-тәсіл қолданамын деп, алға ұмтылғандай әрекет жасағанда өз күшін барламай, құлап түсті. Көсем шапшаң ұмтылып, есін





жидырмай, қылышын жоғары көтере берді. Жауынгерлердің қуанышты айғай-шуы құлақ тұндырды. Алайда осы сәтте исседон аунап түсіп, көсемнің қылышын аяғымен теуіп жіберді.

Екі жақ та соңы немен бітер екен деген оймен демін іштеріне тартып, сілтідей тынған. Томирис жекпе-жекте кірпік қақпай бақылады. Кенет қайдан екені белгісіз бір қоян шыға келді де, орғып-орғып исседондар жаққа қарай қашты. Қоянды байқаған массагеттер оның жолын кеспек болып, соңынан тұра құды. Қым-қуыт қуғын басталды. Исседондардың да есіл-дерті қоянда. Көсем мен оның қарсыласы да бұл кезде жекпе-жекте ұмытып, көңілдері біржола мына қызыққа ауған. Майдан алаңында ойда-жоқта қоянның пайда болуы тегін емес. Бұл – Құдайдан жеткен белгі. Қоян басқа жануарлардан өсімділігімен ерекшеленеді, сондықтан ол бақ пен байлық әкеледі деп сенген. Қоянды қолдан шығарып алу – жеңісті қолдан беру. Сондықтан массагеттер де, исседондар да қайткенде де оны ұстап алуға күш салды. Кенет массагеттік сарбаз атынан секіріп, тура қоянның үстіне құлады. Сәлден соң орнынан тұрып, олжасын мақтана көрсетті. Массагеттер олжалы жігіттің кешегі ақылымен көзге түскен қолбасшы екенін бірден таныды. Көсем бұған төбесі көкке жеткендей қуанып, қылышын көтеріп, бар дауысымен өз руының ұранын тастады. Осыны күткендей, массагеттер атойлап, исседондарға қарай шапты. Сол сәт исседон қылышын қамсыз тұрған көсемнің басына қарай бағыттады. Мұны көзі шалып қалған Томирис қылышын оңды-солды сермеп, жолын ашуға әрекеттеніп, әкесіне ұмтылды. Өзі сияқты темір сауыт киініп, бес қаруын асынған құрбылары да қолбасшыларын қалқанымен, онан қалса өз денелерімен қорғап, бірге ілесті. Ақыры Томирис әкесіне жетті. Бірақ кеш еді. Көсем көз жанарын аспанға қадап қозғалыссыз жатыр. Томирис тізесін бүгіп, әкесінің кеудесіне басын қойды. Көсем әлі тірі екен. Ол қолын зорға көтеріп, қызының басынан сипады.

– Қызым, сенің үйде отырмайтыныңды о баста-ақ біліп едім. Әкеңнің шайқаста нағыз еркекше көз жұмғанын көзіңмен көрдің. Ал сенің олжа ұстағаныңды Құдай менің көруіме жазыпты. – Көсем ауыр демалып, әрең сөйлеп жатты. – Сені әлі талай ұлы істер күтіп тұр. Алдыңнан жарылқасын!





Бұл әкесінің соңғы сөздері болатын. Томирис алақанымен әкесінің ашық қалған көздерін жапты. Өзегі өрт болып жанса да, өзін-өзі ұстауға тырысты. Басын көтергенде әкесімен жекпе-жекке шыққан исседонды көріп қалды. Құрбысының біреуін құлатып, оны өлтірмекке қылышын енді көтеріп жатыр екен. Бойын ыза кернеген Томирис орнынан атып тұрып, жауының қолындағы қылышын қағып түсірді.







– Біздің әскерімізде тек шалдар мен кемпірлер ғана деп едің. Қартымызды өлтірдің, ал әйелді өлтіруге шамаң келер ме екен? – деді де, басындағы дулығасын шешіп алды. Қалың бұрымы төгіліп, иығын жапты. Қыздың мына сұлулығынан ба, әлде оның өткір сөздерінен бе, исседонның есі шықты.

– Ал қылышыңды қолыңа! – деп бұйырды Томирис.

– Әйелге шамам жетер! Мен сені өлтірмеймін, – деді ол мәз болып. – Сен менің күңім боласың, сұлу қыз!

– Көрерміз әлі кімнің құл, кімнің күң боларын. Иманыңды айта бер! – деді ызалана жауынгер қыз.

Исседондық Томириске қарай ұмтылып еді, қыз ыршып түсіп, айналып кеп өз қылышын сұғып алды. Әкесінің кегін алып жеңілденгендей болды. Енді ол шайқастың ең қызу жеріне ұмтылды. Құдайдың қолдайтынына сенімді массагеттер жауын тықсыра бастады. Мұндай теперішке төтеп бере алмаған исседондар бас сауғалап қаша жөнелді.

Ескіден жеткен дәстүр бойынша, кез келген сарбаз өзі өлтірген алғашқы жауының қанын татып көруі керек, сонда жеңімпаздардың күш-жігері артады деп есептелген. Сонымен бірге өзі өлтірген адамдардың басын патшаның алдына әкеп көрсетуі тиіс, сонда ғана ол олжаның өзіне тиесілі бөлігін ала алады, әйтпесе, оның сөзіне ешкім сенбейді.





Алтын тостаған

Массагеттер жау қолынан қаза тапқан сарбаздардың денесін алып, елге бет алды. Томирис әкесі жатқан арбамен қатарласа жүріп келеді. Ол да, құрбылары да өздерінің кім екенін енді ешкімнен жасырмады. Жауынгер қыздар майданда әрқайсысының бірнеше сарбазға татитындарын дәлелдеді. Ендігі мақсат – қаза болғандарды лайықты құрметпен өз топырағына, туғандарына жеткізу.

Сақтар мәйіттерді қырық күн ел аралатып барып жерлеген. Сол уақыт ішінде туысқандары, достары жауынгермен ақырғы рет көрісіп, қоштасып қалуы тиіс. Халық болып оларға арнап ас берген және қонақтарға қандай тамақ дайындалса, өлген кісілердің қасына да сол тамақтарды қойған. Бұл о дүниедегі өмірін жалғастыруға қажет деген сенімнен туындаған. Сонымен қатар, тамақ, сусын құйылған ыдыстар, қару-жарақтар т.б. қабірге қоса көмілген.

Мәйітті астындағы арғымағымен бірге жерлеген кездері де бар.

Дәстүрге сай көсемге де ерекше құрмет көрсетілді. Енді ешкім оны көріліктен өлді деп айта алмайды. Ал шейіт болған жауынгерлердің барлығын бір қорымға қойып, сол жерге елтағы құрбандық шалды. Өйткені қадірлі азаматтар о дүниеде де аштықты білмеуі тиіс.


Жерлеу рәсімі өткен соң тазалану рәсімі жасалды. Ғұрып бойынша, алдымен, хош иісті майларды бастарына жағып, сіңдіріп, артынан жуып тастаған. Ал денені тазалау үшін буға түскен. Ол үшін үш сырықты жерге орнатып, бастарын біріктіріп бекітіп, лашық-монша жасайды. Сыртын калың киіздермен қаптайды. Лашықтың ортасына үлкен тегене қойып, оған қып-қызыл шоқтай боп қыздырылған тастарды салады да, су сеуіп, ыстық бу шығарады. Терлеп, кір-қоңынан арылады.



Сарбаздар жеңіспен оралғалы бері әрбір отбасында кеш сайын қызу әңгіме жүріп жатты. Бәрінің аузында көсемнің тектілігі мен Томиристің ақылдылығы.

Жорыққа қатысқан әр жауынгер мол олжаға қарық болды. Олар туыстарына малдарынан бөліп беріп, жеңіс тойын тойлады. Бірақ бәрінің ерекше күткені бұдан да ірі ұлан-асыр той еді. Ол тойда жауынгерлер қайта бас қосып, осы жылы өздері қатысқан жорықтарды еске алады. Ең күшті, ең батыл жауынгерді анықтайды. Бұл тойдың қалай өтетіні туралы аңызды кез келген сақ білетін.

Үлкендердің айтуынша, баяғыда бір елге Геракл келіпті. Ол жердің ауа райы суық, қолайсыз болғандықтан, теріге оранып далада ұйықтап кеткен екен. Ояна келе қараса, аттары жоқ. Аттарын іздеймін деп жер жүзін шарлап жүріп, сақтар





мекеніне табан тигізеді. Сонда бір үңгірден денесінің жоғарғы жағы қыз да, төменгі жағы жылан бейнесіндегі таңғажайып тіршілік иесіне кез болады. Геракл одан адасып жүрген жылқы көзіңе түсті ме деп сұрайды. Әйел-жылан:

– Іздеген аттарың менде. Маған үйленбесең, арғымақтарыңды енді қайтып көрмейсің! – деп оған өз шартын қояды.

Геракл арғымақтарын қайткенде де қайтарып алғысы келеді. Әйелдің талабына келісуден басқа оның амалы қалмайды. Бірақ әйел батырды жібергісі келмей, сәйгүліктерді қайтаруды кешеуілдете береді. Арада жылдар өтеді. Дүниеге үш ұл келеді. Ақырында әйел-жылан Гераклді босатуды жөн көріп:

– Мен сен үшін арғымақтарыңды сақтадым. Сен олардың құнын толығымен өтедің. Сенен туған үш ұлым өсіп келеді. Озің айт, олар ер жеткенде не істейін? Бұл елді мен жалғыз билеп отырмын ғой, осы жерде қалдырайын ба, әлде саған жіберейін бе? – деп сұрайды.

Сонда Геракл:

– Ұлдар азамат болды-ау дегенде сен оларды сынақтан өткіз: кімде-кім менің садағымның адырнасын мен сияқты тарта алса және мына белдікпен белдене алса, соны қасыңа қалдыр. Садаққа да, белдікке де шамасы жетпесе, жат елге қаңғытып жібер. Егер бәрін мен айтқандай істесең, өкінбейсің, қайта риза боласың, – деп жауап береді.





Осыны айтып Геракл әйел-жыланға садақтың адырнасын тартуды, белдікпен белденуді көрсетеді. Өзімен бірге алып жүрген екі садағының біреуін, қапсырмасына алтын тостаған ілінген белдігін тастап, жүріп кетеді.

Жылдар өтіп, балалар ер жетеді. Әйел Геракл тапсырғандай балаларды сыннан өткізу мезгілінің жеткенін түсінеді. Сынақ барысында үш ұлдың екеуі тапсырманы орындай алмайды. Тек Гераклдің кенже ұлы ғана бұл сынақтардан мүдірмей өтіп, шешесінің қол астындағы елді басқарып қалады. Барлық сақ патшалары осы ұлдан тарапты-мыс. Гераклден мұраға қалған алтын тостаған кіші ұлдың талай ерліктерінің куәсі болыпты. Сақтар да оның құдіретті күші бар екеніне кәміл сеніп, сондай тостағандарды жасатып, белдіктеріне тағып алатын болған.

Аңызға қарағанда, алтын тостағанның сиқырлы күші бар екен. Ол сақ еліндегі кез келген уақыттағы ерлік істер мен оқиғалардан жақсы хабардар болған. Жеңімпаздардың құрметіне жасалған тойда әр жауынгер өз ерлігін елге айтып беруі тиіс. Сонда оның айтып отырғаны нақты солай болды ма немесе өтірік айтып отыр ма, тостаған соны куәландырып, елді таң-тамаша қылған. Сондықтан жыл сайын өтетін салтанатта нағыз батырды анықтау тек тостағанға сеніп тапсырылған.

Осындай той өткізу үшін әрбір сақ билеушісі өз елінде шарап құятын үлкен тостаған дайындайды. Одан шарап ішу құрметі тек жауын өлтіріп, басын әкелгендерге ғана берілген. Ерлік жасамағандар шараптан құр қалған. Сақтар үшін дүниеде одан өткен масқара жоқ. Шайқаста жауынгер қанша жауды жер жас тандырса, соған тостағанды сонша рет ұсынған. Батыр тостағанды аузына апара бергенде, жиналғандар осындайда айтылатын ескі әнді бастайды. Сүйемелдеусіз, алақанды алақанға ұрғандағы ырғаққа қосылып орындалатын ән жеңімпаздардың көңілін көтеріп, оларға көрсетілген құрметтің маңызын арттыра түскен.



Жауынгер қыздар



Осы жолғы сәтті жорық Томирис пен оның құрбыларының еркектермен тең түсе алатынына елдің көзін жеткізді. Бүкіл қауым қыздардың ерлігіне тамсанып, олардың да батырлар тостағанына лайық екенін айтты. Халық ертедегі амазонкалар туралы аңызды әңгімелей отырып, Томирис пен оның қасындағы қыздарды да қосып жырлады.

Томирисінің өзіне көңілі толмады. Ол әлі көп нәрсені үйренуі тиіс екенін түсінді. Әрине, батырлығы мен қару ұстау шеберлігі жағынан алдына жан салмайды, бірақ өзіне жасақ басқару өнері, ал құрбыларына әскери айла-тәсіл жетіспей жатты. Сондықтан осының бәрін жігіттер қалай меңгерсе, өздерінің де солай үйренуі қажет деп шешті.

Сақ жігіттері кішкентайынан-ақ әрбір қадамы қауіп төндіретін елсіз-сусыз айдалаға кетіп қалатын. Өздерімен бірге көпті көрген, тәжірибелі жауынгерді ертіп, содан соғыс өнерін меңгерген. Олар елдің шетінде әскери тәсілді үйреніп қана қоймаған, патшаның көзі мен құлағы да болған. Шекарадағы жаудың қимыл-бағытын қадағалап, қажет болған жағдайда олармен бірінші болып соғысуға дайын тұратын. Кез келген ер бала нағыз еркек болу үшін осындай жасақтарға тезірек түсуді, сәті келіп жатса, аттарын жауының скальпымен* сәндеуді армандайтын.

Томирис қыздардан шағын жасақ құрып, шекара жаққа кетуді ойлады.

– Сен қыз бала емессің бе? – деп күйіп-пісті шешесі. – Қыз деген үйде отырады, өмірге ұрпақ әкеліп, оны тәрбиелеп, аяғынан тұрғызады. Найзаласу, шабысу – еркектердің ісі.

– Уақыты келгенде менің тұрмысым да, балам да болады, – деді Томирис. – Күйеуге қызмет етіп, асты-үстіне түсіп мәпелеу, оған көзді жұмып бағыну – далада еркін өскен қыздың ісі емес. Біз – еркіндікті ту еткен елдің ұрпағымыз, өз жерімізді

**скальп – ағылшын тілінен енген сөз, бұл жауының басынан терісімен қоса кесіп алынған төбе шашы дегенді білдіреді.*





қорғауға біз де дайынбыз! Еркектерден кем түсер жеріміз жоқ. Мұны маған әкем үйреткен.

Қызының алған бетінен қайтпас бірбеткейлігін білетін шешесі қолын бір сілтеп:

– Жолыңа тұрмаймын, тек есінде болсын, менің сенен басқа ешкімім жоқ, – деді егіле жылап. Шешесінің күйін көріп, жүрегі сыздап кеткен Томирис анасын қатты құшақтап:

– Менің де бұл дүниедегі барым – жалғыз сен. Жерім де, елім де – біреу. Басымызға күн туса, қару алып, сендерді қорғауға біз шығамыз. Алаңдама, соғысқа кетіп бара жатқан жоқпыз ғой, – деп жұбатты.

Томирис атына қарғып мініп, анасымен қоштасуына кедергі жасамай арырақ кеткен құрбыларының артынан шаба жөнелді. Көзінің жасына ерік беріп, қызының ізінен қарап тұрған анасына қанша қайырылып қарағысы келсе де, бұрылмады. Жолдастарын қуып жетіп:

– Не болған сендерге? Көтеріңдер бастарыңды. Ал кеттік, кім бірінші? – деді де, атын тебініп оқ бойы ұзап кетті. Құрбылары да ат басын қоя берді. Бұл бәрінің ойын бөліп, әлгіндегі ауыр қоштасудың әсерін жойып жіберді. Ұзақ жолды қысқарту үшін Томирис ән бастап, құрбылары оны іліп әкетті. Осылайша ән айтып, әзілдесіп келе жатқанда, күн ұясына таянып, алыстан бір отар қой көрінді. Иттер абалап үріп, арғы жағынан қойшы да көрінді. Қыздар оған жақындап, сәлем берді. Бұлардың жай адамдар емесін ұққан қойшы:

– Осында қонып шығындар, алыс жолға бет алған сияқтысындар, – деді кешкі асқа шақырып.

– Бұл – шындық. Дем алмаса тағы болмайды, – деп Томирис келісе кетті.

Қыздар аттарын ер-тоқымнан босатып, суытуға қойып жатқанда қойшы қазан астына от жақты. Қойдың ішінен ең семізін ұстап алып, бауыздап, әп-сәтте мүше-мүшеге бөліп тастады. Тамақтанып, әлденіп алған соң олар тынығуға ден қойды. Түнгі аспанның тұңғиық сырларын тереңіне сіңірген жұлдыздар жымың қағып, көңіліңді қытықтағандай әсер етеді. Соны қызықтап, әр түрлі қиялға берілген Томирисінің көңілі әлі ояу.





Түпсіз терең тұңғиыққа еніп бара жатқандай. Оның ұйықтамай жатқанын байқаған қойшы:

– Қызым, білесің бе? Мына жол үш әлемді – Аспан, Жер және Жер асты әлемдерін басып өтеді, – деді аспандағы құс жолын нұсқап. – Ал анау – Темірқазық. Ол осы үш әлемнен өтетін үлкен бәйтеректің ұшар басы сияқты. Барлық шоқжұлдыздар солағаштың бұтақтарына шоғырланған. Баяғыда онда Тостаған, Найза, Жебе, Соқа және Қамыт шоқжұлдыздары болған. Ол уақытта біздің жерімізде ең алғашқы адам – Тарғытай тұрған. Шешесі – Борисфен өзенінің қызы, әкесі – Зевс екен. Тарғытайдың Липоксай, Арпақсай және ең кенжесі Қолақсай атты үш ұлы болыпты. Ағайындылар өте тату өмір сүрген. Бауырларына Тәңір оң көзімен қарасын деп үлкені Құдайға мінәжат қылған. Ортаншысы егін егіп, мал баққан, кішісі, іштеріндегі ең жасы әрі көзсіз батыры қару алып, жауға шапқан. Бір күні ағайындылар қайсымыздың қызметіміз құндырақ, қажеттірек деп дауласып қалады.

– Егер мен Құдайдан тілек тілемесем, егін де шықпас еді, мал да өнбес еді, жауды да жеңе алмас едік, – дейді үлкені.

– Мен болмасам, аштан өлер едіңдер, – дейді ортаншысы.

– Ал мен болмасам, баяғыда жат елге құл болар едіңдер, – дейді кіші ұл.

Оның сөзін естіген екі ағасы қарқылдап күліп:

– Шамаңа қара. Біз болмасақ, не істер едің?
Қылышты олай да бұлай ойнақтатуды кім білмейді? – дейді.





Дау мұнымен тоқтамай, ағайындылар әбден қызыл кеңірдек болады. Ақыры түк шықпаған соң Құдайдың өзіне жүгінеді. Сол кезде аспандағы осы бәйтеректен шоқжұлдыздар жерге құлап, алтын заттарға: соқа, қамыт, найза, жебе, тостағандарға айналады. Оларды ең бірінші боп ағалары көреді.

– Әрбір зат біздің айналысатын істерімізге сай келеді. Тостағанның көмегімен мен Құдайға мінәжат етем, соқа мен қамыттың көмегімен ортаншымыз мал бағып, жер жыртады, дастарқанға дәм сыйлайды. Найза мен жебе біздің кіші ініміздікі. Осылардың бәрін мен көрдім, Тәңір мені жақтайды деген сөз, яғни араларыңда менің орным, қызметім жоғары болу керек, – деп заттарды жинап алмақ болғанда, олар алаулап жана бастайды. Содан екіншісі жақындайды, заттар тағы да лапылдап қоя береді. Ал кіші ұл қолын тигізгенде барып жалын басылады. Сөйтіп алтындар кіші ұлға бұйырады. Осыдан соң ағайындылар кіші ұлдың жұмысы – қару асынып, Отан қорғау – нағыз қасиетті парыз екенін мойындап, патшалықты соған сыйлайды. Одан әрі не болғанын, қызым, өзің жақсы білесің, – деп қойшы Томириске қарады.

Томирис аңызды зор ынтамен тыңдады.

– Демек, біздің ең қасиетті ісіміз – еліміз үшін соғысу екен ғой. Ал сен не себепті қой бағып жүрсің? Басқалар неге егін салады?

Қойшы күліп:

– Қазір еліміз тыныш, соғыстан аман. Ал тамақ жеу, Құдайға құлшылық ету тіршілік үшін қажет. Жау шапса, қолыма қару алуға дайынмын, қылышым міне. Бір елі қалдырмаймын. Мен қойшымын, бірақ құл емеспін, қару алып жүруге құқым бар. Ал сендер қыз баласыңдар. Сендерге қару не керек? – дейді.

– Біз де ерікті адамдармыз.

– Дұрыс айтасың, қызым. Біздің халық қалалықтар сияқты емес, еркіндікті сүйеді. Өзің де білесің, ең жаман қарғысымыздың қандай екенін.

– Білемін, бізде “отырған орныңнан ешқайда жылжыма, көшпей қал” деп қарғайды.

– Иә, иә, қаланың қай жері жақсы? Мен қалада болып көрдім. Ой, бір көңіл көтергеніміз-ай!.. Жә, ұйықтаңдар, ертең жол жүресіңдер.



От басындағы әңгіме

Әртесіне қойшыға алғыстарын білдіріп, қыздар қайта атқа мінді. Бұл күні олар көп шулаған жоқ. Өздерін басқаша, сергек ұстады. Бірін-бірі зерттей отырып, бір-бірінің жақсы қадір-қасиеттерін қабылдады. Жол-жөнекей көзге түскен іздерді қай аң қашан қалдырғанын тауып, білінер-білінбес белгілеріне қарап, аңның жасы мен басқа да қасиеттерін анықтауға тырысты. Бұл сапар оларға көп тәлім берді. Жол бойы аң қуып, өздерін азықпен де қамтамасыз етті. Айналада көз тоқтатар ештеңе жоқ, тап-тақыр құла тұз*. Құлан жорытпас, құлады* ұшпас қу дала. Соған қарамастан Томирис адасамыз деп қорықпады. Себебі жауынгер қыздар жастайынан жұлдыз әлемін де, күннің бағыт-бағдарын да оқи білетін.

Анда-санда Томирис бастаған жасақтың алдынан сақ ауылдары кездесіп отырды. Тұрғындар осы жасақтың тек қана қыз балалардан құралғанын көре тұра, түрлі сұрақтар қойып мазаламады. Дастарқанға барын салып, қуана қарсы алды. Томирис ауыл тұрғындарынан шекараға аз қалғанын сұрап білді.

Міне, күнге шағылысып, жалт-жұлт еткен өзен де көрінді. Бұл олардың межелі* жерге жеткенінің белгісі. Көз алдарындағы ерекше көрініске жауынгер қыздар таңдана қарап тұрып қалды. Өзеннің арғы беті құпиясы мол бөтен ел, бөтен жер.

– Шатыр құруға ыңғайлы орын таңдауымыз керек, – деді Томирис. – Екі топқа бөлініп, біріміз өзен бойымен оңға қарай, біріміз солға қарай жүріп, қолайлы жер іздейік. Күн ұясына кіре осы арада жолығармыз.

Қыздар жан-жағы бұталармен қоршалған, елеусіздеу әрі тыныш бірнеше жақсы орын тапты, бір-екі бұлақ та кездестірді. Кешке екі топ келісілген жерге жиналып, көргендерін,

*құла тұз – елсіз, иен дала.

*құлады – қаршыға тұқымдас кішірек келген жыртқыш құс.

*межелі – алдын ала белгіленген, мөлшерлі.







тапқандарын ортаға салысты. Екінші топтың жолы болған екен. Олар кішкене аралды белгілеп келіпті.

– Аралдың болғаны тіпті жақсы! Біз үшін қауіпсіз. Жаттығуымызға ешкім кедергі жасай алмайды, – деді Томирис қуана.

Уақыт оздырмай барлығы сол орынға қарай бет алды. Өзеннен өтіп, жаңа мекендеріне жеткенше айналаны қою қараңғылық басты. Тездетіп от жағып, тамақтанып алған соң айналаға қарауыл қойып, жауынгер қыздар ұйқыға бас қойды.

Таң ата саф* ауа Томирисінің ұйқысын шайдай ашып жіберді. Құрбыларын оятып, улап-шулап өзенге қойып кетті. Салқын су бойларын сергітіп, ұйқыны мүлде қуды. Томирис қыздардың жартысын аң аулап, азық әкелуге жіберіп, қалғандарына баспаналар тұрғызуды тапсырды да, өзі айналаны барлап келуге аттанды.

Арал аса үлкен емес екен. Томириске ұнағаны – осы жерден көрші елдің жақсы көрінетіні, аралда өскен қалың тоғайдың мұнда не болып жатқанын сырт көзден жасыратыны. Ол қайтып келгенде, қыздар тұратын жерлерін тазалап, ағаш бұталарынан күркелер жасап қойыпты.

Ертеңгі астарын ішіп болған соң Томирис жасағын сапқа тұрғызып, дайындыққа кірісті. Қыздар садақ ату шеберліктерін шыңдады. Олар нысананы алғашқыда үлкен етіп алып, кейін бірте-бірте кішірейтіп әрі оны біртіндеп алыстатып атып жаттықты. Сонан соң күресті үйренді. Томирис қарсыластың күшін оның өзіне қолдануға мүмкіндік беретін бірнеше амал-тәсілдерді көрсетті.

Алғашқы кезде күрес өнерін игеру оңайға соқпады. Алайда қыздар мойымай, қайта-қайта қайталаудан жалықпады, ақырында қиындықты жеңіп шықты. Томирис құрбыларына соғыс өнерінің басқа да қыр-сырларын үйретті. Семсерлесуге, қылыштасуға, келе жатқан қарудан жалтаруға, денені шапшаң алып кетуге, қаруды қарсыласқа дәл тигізіп, дұрыс жұмсауға жаттықты. Қыздар атқа мінуді, шабуды бұрыннан жақсы білетін болғандықтан, Томирис енді ат үстінде шайқасуды, найзаласуды, оның түрлі тәсілдерін үйретті. Қиындықтан қажымай, төтеп

*саф – таза.





берген құрбылары күннен-күнге шыңдалып, өз-өзіне сенімдері арта түсті.

Кеш бата бәрі от басына жиналып, ескі аңыз-әңгімелер айтысатын. Томирис те әкесінен естіген оқиғаларды қоңыр дауыспен баяндап беретін. Бір жолы сумаңдаған оттың тілдеріне қарап отырып, бір құрбысы:

– Отты неліктен жолбарыспен, ал жолбарысты таң шапағымен байланыстырады? – деп сұрады.

Томирис аз ғана үнсіз отырып:

– От бар жерде жылу бар, тіршілік бар. Алайда тіршілік үшін маңызы зор отты өшіргісі келетін әр түрлі қара күштер де жоқ емес. Осы отты сөндіріп алмау үшін күресетін қорғаушы – жолбарыс. Жолбарыс өз қызметін атқарып тұрғанда, әлемге нұр беруші отқа төнетін қауіп бола қоймас, – деп жауап берді.

– Онда неге біздің жауынгерлер жолбарыспен айқасып, оны өлтіріп, терісін мақтанышпен үстіне киіп алғаннан асқан құрмет жоқ деп есептейді?

Лапылдап жатқан отқа ойлана қарап, Томирис сөзін жалғастырды:

– Ондай батырларды «жолбарыстың терісіне оранған серілер» дейді. Оларды халық қатты құрметтейді. Алайда ешкім жыртқышпен іздеп барып шайқаспайды. Кейде адамдарға жолбарыстың өзі шабады. Нағыз батырлар сонда ғана оған қарсы шығады. Егер аңды өлтірсе, терісін сыпырып алып, сауыттың сыртынан киіп жүреді. Оның мәнісі: жолбарыс әлемдік тіршілікті сақтаушы болса, онда ол теріге оранған адамдар елдің қорғаушысы дегенді білдірген. Яғни олар өздерін сақшымыз деп санайды. Тіпті патшалар да алтын зермен кестеленген жолбарыстың суреті бар киімдер киген. Бұл аңның күштілігі мен батылдығы оның терісін киген адамдарға ауысады деген ұғымнан туған. Біздің өңірде де жолбарыстар бар, олармен кездесу өте қауіпті екенін ұмытпаңдар.



Жолбарыспен айқас

Бсы әңгіменің құдіреті болды ма, әлде Құдай сездіріп, ауыздарына салды ма, ай өтпей жатып осыған ұқсас бір оқиға болды. Сол күні Томирис құрбыларымен аңнан қайтып келе жатқан. Күн күйіп тұрды. Қыздар салқындап алуды ойлап, өзенге беттеді. Киімдерін лақтыра салып, көңілді шумен суға лап қойды. Бірін-бірі суға батырып, бір-біріне су шашып мәз болды. Әбден шомылып, ойындары қанған соң судан шығып, ыстық құмға жата-жата кетті. Томирис құрбыларын тоспай, қос жаққа қайта беруді жөн көрді. Жолды қысқартқысы





келіп, тоғайдың арасымен жүрді. Кенет аты пысқырынып, құлақтарын қайшылап, аяғын алға баспай қояды. Тіпті аспанға атылып, шабына бұрау салып жатқандай қатты кісінеп қоя берді. Атының мұндай оқыс қылығын күтпеген Томирис абайсызда жерге ұшып түсті. Лезде аяғынан қайта тұрып, анадай жерден өзіне атылғалы тұрған жолбарысты көрді. Томирис қылышын суырып алды. Оңайлықпен өлуді құп көрмеді. Көзі оттай жанған жолбарыс жиырылып барып, бір-ақ секірді. Томирис жалт берді. Жыртқыш қайта атылды, бұл кезде қыз да дайын тұр еді. Ол қылышын өзіне қарай төніп келе жатқан аңға дәлдеп сермеп қалды. Осы кезде қылышы оның денесіне кіргенін сезді...

Қанша уақыт өткені белгісіз, біреудің қолы денесіне тигендей болып, ол есін жинады. Көзін ашса, құрбылары өзін қоршап алыпты. Сулы шүберекпен мұның бетін сүртіп жатыр екен. Томирис тірі екенін көргенде қыздар есі шыға қуанды.

Томирис орнынан тұрғысы келіп еді, ауырсынды. Денесіне мыңдаған ине кіріп-шыққандай. Жыртқыш құлап бара жатып, бар салмағымен үстіне жығылып, қылыш ұстаған қолын шығарып жіберген екен. Қыздардың біреуі қолының ауырған





жерін басып көріп тұрды да, тартып қалып еді, буыны орнына түсті. Ауырғаны жанына батқан Томирис қайта талықсып кетті. Өзіне-өзі келгенде қыздар оған жыртқыштың жаңа ғана сойып алынған терісін көрсетті. Енді Томирис жауларының скальптарын ғана емес, жолбарыстың терісін де мақтанышпен алып жүретін болады. Мұндай мерей, мәртебе кез келген еркектің қолына түсе бермейді.

Құрбылары оған өз көргендерін айтып берді. Томирис кеткен кезде олар қуып жетпек болып, тез жиналып, атқа қонады. Бір кезде аттың қатты кісінегенін естіп, сол жаққа қарай шаба жөнеледі. Келсе, қимылсыз жатқан Томиристі, оның үстіндегі өлі жыртқышты көреді. Олар аңды сүйретіп, ары таман апарып тастайды да, қолбасшыларына көмекке келеді. Бағына қарай, Томиристі Құдай сақтап қалған. Қатты жарақат алмапты.

Осы оқиғадан кейін олар жалғыз-жарым жүрмейтін болды.

Арада тағы бірнеше ай өтті. Қыздар соғыс өнерін жан-жақты меңгеріп, әбден пісті. Тіпті сақ жігіттерімен тең түсетіндей халге де жетті. Ең бастысы, өздеріне арқа сүйеуге болатынын, бір де біреуі соғыста ұятқа қалдырмайтынын дәлелдеді. Дайындық жаттығулары аяқталуға жақын қалғанда Томирис сақтардың салтына сай ант беру рәсімін өткізді. Ол үшін үлкен қыш тостағанға шарап құйды, оған әрқайсысы пышақпен қолын кесіп, қанын ағызып, араластырды. Сонан соң оған қылыш, жебе, найзаларын салды да, дұға айтып, тостағанның ішіндегісін кезекпен ішті. Осыдан бастап қыздар қаны да, жаны да бір, бір-біріне мәңгілік сенімді болуға ант ішкен, тек қана өлім ажырата алатын, тағдырлары бір нағыз достар боп саналды.

Келесі күні жауынгер қыздар туған үйіндегі боп кеткен аралды қимай-қимай артқа тастап, елге қарай жолға шықты. Аралда өткен бірнеше айды олар қартайғанша ең бақытты күндеріміз деп естеріне алып жүрген.





Тағы да Жорық

Әлге келген соң исседондардың қайтадан соғысқа дайындалып жатқаны белгілі болды. Сақ патшасы шекараға жиналсын деген бұйрықпен жан-жаққа жаушыларын аттандырды. Ұлан-байтақ даланың түкпір-түкпірінен жасақтар межелі жерге қарай ағылды. Жол бойы қатарлары көбейіп, қанат жая түсті. Жиналғандардың арасында өз жасағымен Томирис те болды. Әрине, ел-жұрты қару алып, жер қорғауға аттанып жатқанда, Томирис қарап жатпас еді.

Жиналуға берілген уақыт таянды. Сақ патшасына массагеттердің негізгі күші шекарада дайын тұрғаны туралы хабар жетті. Ол енді исседондардың өзеннен бері өтуін күтіп жатпай, оларға қарсы қозғалғанды құп көреді. Жорық алдында патша әскерін сапқа тұрғызды. Жер-жерден келген жасақтар өз орындарына тұрып, әскер қанаттарын түзегенде оның ұшы-қиыры көрінбейтін орасан зор күш екені байқалды. Патшаға жауынгерлердің саптағы орнын белгілеп берудің қажеті болмады. Көшпелілер елінде «үлкендік тәртіп», яғни кімнің жолы үлкен, кімнің жолы кіші екенін білу бұрыннан-ақ жазылмаған заң ретінде қабылданған. Соғыс болсын, той болсын, оң қанатта ма, сол қанатта ма, әр ру өз орнын айтпай-ақ білген.

Әскердің өзіндік арнайы белгісі болған. Олар ұзын бақанға басын, бүкіл денесін құйрығына дейін жыланға ұқсатып, түрлі-түсті шүберектерден құрастырып тіккен айдаһардың сұлбасын ұстаған. Оның түрін, түсін неғұрлым суық, қорқынышты етіп көрсетуге тырысқан. Мұның мәні былай. Аттар тыныш тұрғанда олар төмен салбыраған түрлі-түсті тулар сияқты көрінеді. Ал шаба жөнелгенде қарсы соққан желдің әсерінен үріліп, желмен қоса ысқырынған дыбыс шығарып, аспаннан нағыз көп басты аждаһа түсіп келе жатқандай үрей туғызады. Бұл белгі әскердің өзімен-өзі соғысуынан да сақтандырады.

Массагеттердің басқа да тулары болған. Ту шүберегінің ұшы үшбұрыш, төменгі жағы сатыланып келген төртбұрышты еді.





Туларды ту ұстаушылар ұстаған. Оған ең тәжірибелі, ең батыр жауынгерлерді бекіткен. Себебі, ту ұстаушылардың өмірі өлім қаупімен қатар жүрген. Өйткені кез келген қарсылас, ең алдымен, жауының туын қолға түсіруге тырысқан.

Жауынгерлердің де сыртқы түр-тұлғасы қаһарлы болған. Найза, садақ, айбалта, қылыштарының саптары мыспен, бас



киімдері, белдіктері алтынмен безендіріледі. Сол сияқты аттарына да мыс оққағарлар кигізеді. Аттың жүгенін, ауыздығын алтынмен нақыштайды.

Сақ патшасының өз әскеріне көңілі толды. Енді шекарадағы аса терең емес өзеннен жүзіп өту керек. Сарбаздар бұл сынақтан да ойдағыдай өтіп, жау жеріне аяқ басты. Исседондар жерімен олар бірнеше күн бойы жүріп отырып, бір тірі жанды кездестірмеді. Осы кезде барлаушылар алдыңғы жақта жау әскері қарсы келе жатқанын хабарлады. Келесі күні екі әскер бетпесті. Сақтардың алдында өздерінен кем түспейтін, темірдей тәртіпке бағынған, жұдырықтай жұмылған үлкен дала әскері тұрды. Исседондардың да қолдарында тулары желбірейді. Аттарына металл сауыттар жабылған. Олардың қару-жарақтары, сауыт-саймандары сақтардікіне ұқсайды.

Ескі салт бойынша соғыс жекпе-жекпен басталды. Екі батыр да тәжірибелі, мықты еді. Құдай жеңісті кімге берерін білмеген



болу керек, жекпе-жек ұзаққа созылды. Ақырында олар бірін-бірі жарақаттап, бір мезгілде құлап түсті.

Сол кезде екі жақтың әскері садақтарынан оқ боратып, жақындай берді. Енді садақ пен жебеден пайда жоқ. Сондықтан массагеттер мен исседондар жақыннан ұрыс салуға көшті. Екі жақта да шығын көп. Соған қарамастан массагеттер бірте-бірте қарсыластарын тықсырып, басымдылық таныта бастады. Ақырында исседондарды шегінуге мәжбүр етті. Массагеттер патшасы жауының соңынан қуғын салғысы келмеді. Сөйтіп олар шейіт болғандардың денесін алып, туған жерге оралды. Бұл соғыста Томирис пен оның шағын жасағы өздерінің жақсы жауынгер екенін көрсетіп, батырлар тостағанына лайық деген атаққа тағы да ие болды.



Томирис - патшайым

Томиристің атақ-даңқы бүкіл сақ жеріне жайылып кетті. Жорықтар мен шайқастар кезінде кәрі көсемнің жас қызы асқан ақылдылық пен батылдығы танытып, елді таң қалдырғанын естігенде сақ патшасы:

– Мүмкін емес, жас қызда ақыл болады дегенге сенбеймін, – дейді.

Алайда халық осы бір ерекше жауынгер қыз туралы небір жаңа аңыздар айтып, оның ерлігін тамсана жырлауын қоймады. Күннен-күнге патшаның Томириске деген қызығушылығы арта түсті.

– Күзде бабаларымыздың әдет-ғұрпы бойынша ел аралауға шығамын. Сонда осы атақты Томирисі бір көрермін, – деген шешімге келді.

Әдетте, сақ тайпалары қыс түсе оңтүстік өңірлерге қарай бет алады. Суық айларды сол жақта өткізеді. Осы кезде ежелгі дәстүрмен ел аралау науқаны басталады. Сақ патшасы да нөкерлерімен атқа мініп өз сапарын күн жолымен шығыстан бастады. Сақтар От пен Күнге табынған. Әсіресе, өздері сыйынатын жеті құдайдың ішінен Күнді бірінші орынға қойған, себебі Күн – өмір нәрін себуші. Олар Күн мен оған жақын Отты «алтын күн», «от – күннің баласы» деген ең мейірлі, жылы сөздермен атаған. Сондай-ақ өлген адамдарын жерлегенде де сақтар қабірдің түбіне отты ұзақ уақыт жағып, оның ішін аластаған және адамды жерлегеннен кейін де басына от жағып, үш күн бойы сөндірмеген. Оттың ғажайып күші бар екеніне сенген. Үйге жын-жыбыр, арам ниет кірмес үшін ағаштың шоғын алып, суы бар құмыраға түнемеге салып қойған. Сондай-ақ тіл-көзден сақтануға, үй ішін аластауға пайдаланған.

Патша қысқы қоныстарды асықпай аралады. Барлық жерде қысқа арнап ет, сүт өнімдерін дайындауда. Ұлы әміршінің келуімен қоныстарда қуанышты абыр-сабыр басталды.





Ел патша аяғымен құт келеді, енді қыс қинамай, жақсы өтеді, молшылық болады деп сенген. Патша ағзам Күн құдайының үйіне бет алды. Бұл – тастардан қаланып жасалған күмбез тәрізді үлкен құрылыс. Осы мерекеге қатысу үшін мыңдаған адамдар ат сабылтып, жан-жақтан шұбап келіп жатты. Патша күмбездің шығыс жағынан кіріп келгенде абыздар* үйдің орта тұсына қасиетті отты тұтатты. Оның артынан ішке ақ боз атты алып кірді. Абыздар дұға оқыды да, атты құрбандыққа шалды. Сақтар ең жылдам Күн құдайына ең жүйрік жануарды құрбан қылу керек деп есептеген. Күн құдайына құрбан шалып, тағзым ету рәсімі біткен соң патша сыртқа шықты. Есік алдында тұрған топ ішінен бір сұлу қызды көзі шалады. Қыздың белінде қылыш ілінген. Ол өзіне көз тоқтатқан патшаға тайсалмай, тік қарады.

Қыздың көркіне қызыға қарап: «Бұл кім екен? Томирис деген осы ма? Сұлулығына ақылы сай болса, мұндай қыз патшаға жар болуға лайық» деген ой келді оған.

Осыдан соң сұлу қыздың ауылына соға кетуге патшаның ниеті ауды. Ол келе жатыр дегенді естігенде қай жерде болмасын, халық әбігерге түсіп қалатын. Томирисінің аулы да патшаны үлкен дайындықпен, ерекше құрметпен қарсы алды. Шара-шара сусын мен шарап әкелінді. Қазан-қазан ет пісіріліп, оны адамдардың жасына, дәрежесіне қарай бөліп-бөліп қойды. Құрбандыққа шалынған малдың басы салынған табақты патшаға тартты.

Патша көзімен Томирисі іздеп тауып, оның сұлулығына одан әрмен сүйсініп, ынтыға түсті. Ол жергілікті тұрғындардан жағдайларын сұрастыра отырып, жауап беруге қиналғандары Томириске жүгінетінін де байқап қалды. Ал Томирисінің жауабы қысқа әрі нақты.

– Елдің айтып жүргені рас-ау, – деп ойлады, – ақылына көркі сай екен.

Патша өз ордасына оралған бетте ең ірі тайпалардың көсемдерін жинап алып, Томириске үйленгісі келетінін айтты.

Салт-дәстүрге орай қызға құда түсуге мол сый-сыяпатпен беделді адамдарын аттандырды. Олар Томирисінің ауылына келіп, бұйымтайын* айтқанда қыздың шешесі мен бүкіл туған-туысқандары сенер-сенбесін білмей таң қалды. Бұл хабар

*абыз – құрбан шалатын, Құдаймен тілдесетін екі арадағы делдал /жрец/.

*бұйымтай – арнайы барған іс, шаруа.







ұнағанымен, қызының әр мінезін білетін шешесі құдаларға бірден жауап бере алмады. Ол қызына келіп, сақ патшасының ниетін білдіріп, оған тұрмысқа шығасың ба деп сұрайды. Жасынан ұл сияқты тәрбиеленген Томирис үшін тұрмыс құру үш ұйықтаса ойына кірмеген. Жас патшаны бұрын да түрлі мереке-тойларда көргені бар әрі ол оған ұнайтын. Исседондармен соғыста да патша бойын тасалап, оқтан жасырынған жоқ, қайта шайқастың ең қызу жерінде жүргенін байқаған. Жорықтың бар ауырлығын әскерімен бірге көтеріп, қиындықты бірге бөліскен. Ол нағыз әділ әмірші ретінде халықтың аузында жүрді. Алайда Томирис сол патшаға тұрмысқа шығамын, патшайым боламын деп ойламапты. Шешесінен «ойланып көрейін, уақыт берсін» дегенді айтып жібереді. Құдалар бұған аң-таң. Оның орнындағы басқа кез келген қыз қуанғаннан жүрегі жарылар еді. Томирис әрі ойлап, бері ойлап, ақырында ұсынысты қабылдауға бел буады. Келесі күні қыздың келіскенін естіген құдалар патшаны қуантуға жедел жүріп кетеді.

Құдалар қайтып келгенше патша да уайымдап, жанын қоярға жер таппады. Патша төңірегінде де сұлу да ақылды қыздар аз емес еді. Ал Томириске ынтыққандай күшті сезімді бұрын-соңды басынан кешпеген. Құдалыққа кеткендер оралды дегенде алдарынан жүгіріп шыға жаздап, өзін-өзі әрең тежеп қалды. Сарайға кіріп келе жатқан бойда-ақ жіберген адамдарының жүзінен бәрі ойдағыдай өткенін айтпай-ақ ұқты. Олар қыз шешесінің: «қалың мал патшаға лайық болсын» деген талабын да жеткізді. Томирисінің туыстарына бірнеше «тоғыздықтан» тұратын сый жіберу шешілді. Өйткені сақтар үшін тоғыз саны бақыт әкелетін киелі сан еді. Қалың мал айтса айтқандай патшаға сай болды. Аса ірі емес, бірақ төзімді, мінуге де, жеуге де жарамды тұқымнан тоғыз мың табын жылқы, басы кішірек әрі әдемі келген, сирақтары ұзын, жараулы тоқсан арғымақ және тағы басқа есепсіз мал жіберді. Сонымен қоса көлемдері түйенің табанындай тоғыз алтын, өгіздің тұяғындай тоғыз күміс дайындатты.

Томирис жағы да ұятқа қалған жоқ. Көсемдерінің қызы үшін олар да аянбады, аппақ киізбен қапталған киіз үйлер, қымбат маталар, алтын мен күмістен жасалған түрлі бұйымдар, кілемдерден жасау дайындады.



Томирис - ана

Міне, көптен күткен күн де жетті. Күйеу жігіт нөкерлерімен, бай тарту-таралғыларымен Томирисің ауылына келді. Тойға барлық сақ тайпаларының көсемдері жиналған. Отыз күн ойнап, қырық күн тойлап өткізген бұл той елдің есінде қалатындай-ақ болды. Тау-тау ет желініп, өзендей ағызылған қымыз, түрлі сусын, шарап ішілді. Қалыңдықтың сұлулығын, патшаның ақылын жырлап, жыршы-жыраулар таңға жарысты. Ата-бабаларының ерлігін айтып, әнге қосты. Батырлар бір-бірімен күресіп, күш сынасты. Жас балалар да оларға еліктеп, өз өнерлерін көрсетті. Жігіттер жағы жамбы ату, теңге ілу сияқты жарыс түрлерінен сайысты. Кешке қарай алтыбақан құрып, ән айтып, тойды одан әрмен дуылдатты.

Бірнеше күнге созылған думан да жетер жеріне жетті. Томирис үшін туған үйімен, шешесімен, туыстарымен қоштасатын сәт туды. Олармен ғана емес, үй иесі – ошақ иесімен де қоштасуы тиіс. Үй ішіндегілердің бәрі орындарынан тұрды. Абыз қызды қолынан ұстап ошақтың қасына әкеліп, ошақты айналдыра үш рет жүргізді. Содан соң ошақ үстінде ілулі тұрған шынжырға қолын тигізуін сұрады. Сол уақытта тайпаның көсемі ошақтың иесінен Томирисі қорғаусыз қалдырмай, қайда жүрсе де қолдап-қорғап жүруін тілеп, дұға оқыды.

Дұға оқылып, қыз ел батасын алған соң абыз:

– Ал, жүрейік! – дегенде Томирисің жүрегі сыздап кетті. Туған үйімен мәңгілікке қоштасып бара жатқанын түсінді. Жүгіріп барып, анасын құшақтай алды. Шешесінің де көзінің жасы сорғалап тұр. Құрбылары қыз ұзатқанда айтылатын сыңсуды бастап кетті.

– Бәрі жақсы болады, – деп сыбырлады анасының құлағына, – жылама, бәрі жақсы болады. Мен жат елге аттанып бара жатқан жоқпын ғой.





Үйден шығып бара жатып Томирис есіктің маңдайшасына қолын жайлап тағы тигізіп өтті. Құрбылары қалыңдықты ауылдың шетіне дейін шығарып салды. Ары қарай жол патша ордасына апарады. Қалыңдықтың жасауы тиелген күймелер бір шетінен екінші шетіне көз жетпейтін ұзын керуенге айналды. Сымбатты арғымақ мінген Томирис патшаның қасында келе жатты. Басында биік сәукеле, сәукелені алтын, күміс жіптермен зерлеген, төбесіне үкі қадаған. Үстіне киген киімдері жас патшайымға онан сайын сән берген, сол отырғанында аспаннан түсе қалған періштеге ұқсайды. Патша ордасына жеткенше керуен-саяхат бірнеше күнге созылды.

Үйдің табалдырығын аттай бере абыз Томирисі ошақтың қасына алып келді. Әулиелерден бата алғызып, қалыңдық пен күйеуге жасалатын барлық ырым-жоралғыларын жасайды.

Міне, олар отасқалы бір жыл болды. Алайда осы бір жыл бір күндей жылдам өтті. Бақытқа толы сол күндерді Томирис ешқашан да есінен шығармақ емес. Ол бар уақытын күйеуімен бірге өткізді. Патша да елдің жағдайын жақсарту мәселелерін үнемі Томириспен ақылдасып шешті. Жас әйелінің алыстан ойлайтын, өресі кең адам екеніне күннен-күнге көзі жетіп, сенімі нығая түсті. Осындай дана патшайымнан өзінің орнын басар мұрагерім болса екен деп армандап, сол күнді асыға күтті.

Араға көп уақыт салмай-ақ патша сарайына қарай сүрінеқабына кіндік шеше жүгіріп бара жатты... Құдай тілеуін беріп патша шаңырағында асыға күткен мұрагер дүниеге келді. Олар тұңғыштарына арнап көп балалы бір әйелден бесік сұратып алады. Бұл ырым солардың жолын беріп, жас отаудың ұрпақтары көп болса деген тілектен туған. Патша нәрестелі болды дегенді естісімен, көрші қыздар жүгіріп келіп, өткеншек құрғызып, тербеліп отырып, кезек-кезек ән айтысты. Әмірші балаларды тәтті-дәмдіге тойдырды. Оның артынан патшаның үзеңгілестері, жолдастары келіп құттықтады. Нағыз батыр болсын деген ниетпен олар мұрагерге өз жебелерін сыйға тартты.

Үш күннен соң жас аналарға арнап жасалатын ырым өткізіледі. Бұл ырым әйелдің сүті мол болсын дегенді білдірген. Ол үшін алдын ала тоғыз шелпек пісірілген. Кіндік шеше шелпектердің



үстіне жебе мен жіп қойып, Томиристі жеміс ағашының қасына ертіп әкеледі. Жебе мен жіпті алып, ағашқа іледі де, сол ағашты Томириске сырамен суғартады. Сонан соң қуырылған бидай жегізеді. Осыларды жасата жүріп кіндік шеше ішінен:

– Сәбиіңнің несібесі мол болсын! Ұлың үлкен азамат болып өссін, қорғаның болсын! – деген тілек-дұғаларын күбірлеп айтып жүреді.





Мұрагерге Спаргапис деген есім берілді. Сынаптай сырғып тағы бір жыл өтті. Сәбидің жасқа толу қуанышына дәстүрге сай шілдеhana тойланды. Мерекеге арнап Томирисің анасы өз қолымен таңдап тұрып, сыйға жіберген үлкен өгіз бен семіз қошқар сойылды. Дастарқанға отырмас бұрын абыз Құдайға бағыштап, дұға оқыды. Сонан соң баланы аяғымен тамақ толтырылған үлкен шараның үстіне тұрғызады. Бұл «бақыт пен байлыққа белшесінен батсын», яғни баланың болашағы бақытты әрі дәулетті болсын деген ырымды білдірген.

Томирис ұлының тәрбиесіне қатты көңіл бөлді. Әкесі өзін қалай өсірсе, бұл да ұлын дәл солай, батыл да ержүрек, ақылды да әділ мұрагер етіп тәрбиелегісі келді.

Спаргапис зерек те ынталы болып өсті. Әр нәрсені білуге құмартты. Әсіресе, ежелгі аңыздар мен мифтерді тыңдағанды ұнататын. Бір күні мұрагердің тынышы кетіп, түнімен ұйықтай алмай шығады. Патша емші әйелді шақыртады. Ол Томириске:

– Балаңның ұйқысы қашса, жастығының астына жарқанаттың сол жақ қанатын салып қой, – деген ақыл айтады.

Томирис түн ортасында садағын қолына алып, орданың сыртына шығады. Аспанда жұлдыздар самсап тұр. Патшайымның бала күндері, құрбыларымен бірге аралда өткізген сәттері, исседондарға жасаған жорықтары есіне түсіп, көз алдынан өтеді. Жұлдыздар сол баяғы қалпында. Ал бұл баяғы жас қыз емес, нәрестесінің қамын ойлаған ана.

Томирис төбеде ұшып жүрген жарқанаттарды байқайды. Қолы үйренген дағдысымен садағын тартып жіберді. Оғы бұл жолы да мүлт кетпепті. Үп-үлкен жарқанатты қағып түсірген екен. Алайда түн құсының қанаты көмектеспеді. Патшайым тағы да емші шақыртты. Ол балаға көз тиген болу керек деп дуа оқып, ем жасайды. Томирис сонда да қоймай, кішкене күнінде өзі ішкен түрлі шөптердің қайнатпасын қоса беріп көреді. Бала оңалып, бұрынғы ойнап-күлген қалпына келеді.

Спаргапис өсе келе, анасы оны әскер өнеріне баулыған. Әкесі аңға шықса, қасынан қалдырмай, үнемі бірге ертіп жүрген.

Ойда-жоқта бастары бақытсыздыққа душар болмағанда бұлардың өмірі осылай жалғаса берер ме еді?



Ауыр қайғы

Патша аяқ астынан төсек тартып жатып қалады. Сақтар егер әмірші пәлеге душар болса, оған арам пиғылды адамдар кінәлі деп есептеген. Томирис елдегі көріпкел бақсылардың ішіндегі ең құрметті үшеуін шақыртады. Артынша әйел сияқты киінген үш еркек келеді. Бастарына шүберек байлап, оның екі ұшын екі иығынан салбыратып қойған. Беттерін бояп алған. Әрқайсысының мойнында адамның мүсінін бейнелейтін тұмарлары мен белдерінде сиқырлы белдіктері бар. Көріпкелдердің біреуі мойнына жануардың мүйізі байланған жіңішке екі бау таққан. Екіншісі ақ жолақты қоңыр шыны моншақтары бар жіңішке қайыс бау және тері қалташық таққан. Қалтада дәрілік өсімдіктердің сабақтарын, тамырларын және тұмарлар сақтаған.

Көріпкелдер шыбықтардың көмегімен бал аша бастайды. Шыбықтардың үлкен-үлкен бумаларын бір-бірлеп бір қатарға қойып тұрып, дуа оқиды. Сонан соң оларды қайта бір жерге үйеді. Бірдеңелерді күбірлей отырып, ақырында «әлдебіреу патша ошағының құдайларын аузына алып өтірік ант еткен» дегенді айтады. Әдетте, ерекше қасиетті ант бергісі келген кез келген сақ салтанатты түрде патша ошағының құдайларымен ант ететін болған. Бұны жас балаға дейін білетін.

Көріпкелдің сипаттамасы бойынша, өтірік ант берген адам табылып, сарбаздар оны қолма-қол ұстап алып, патшайымның алдына жеткізеді. Күнәкар басын жерге ұрып, өзіне аяушылық көрсетуін, жанын аман қалдыруын сұрап, безек қағады. Бірақ мұндай қылық еш уақытта кешірілмеген. Сондықтан сол сәтте оның басы шабылды. Томирис осыдан соң күйеуім жазылып кетер деп үміттеніп еді, алайда оның хал-жағдайы күннен-күнге төмендей берді.

Бабаларының артынан о дүниеге аттанарын сезген патша ең жақсы көретін жақын адамдары – Томирис пен ұлын





шақыртып алады. Олардың жүзіне қимастықпен ұзақ қарап жатады да, сонан соң әлсіз қолын ұлының маңдайына тақап:

– Балам, ақылды бол, батыр бол. Халқыңа, анаңа арқа сүйер тірек бол, қарағым. Томирис, сен мені есіңнен еш уақытта шығармағайсың, – деп патша қатты күрсінеді... Осы кезде оның қолы сылқ ете түсті... Парасатты да әділ әмірші о дүниеге аттанды. Орны толмас бұл қайғы Томирисінің жанына қатты батты. Әкесінің өлімінен соң мұндай ауыр қайғы көрмеп еді. Ол жүрегіндегі шерді көз жасымен шығарды.

Ардақ тұтқан патшамен бүкіл ел қоштасты. Сақтар ұлы әміршіні соңғы сапарға аттандыру салтына сай, яғни ол ана өмірге барған соң ештеңеден таршылық, тапшылық көрмесін және аты мәңгілікке өшпесін деп патшаға лайық құрметпен, салтанатпен жерледі.

Патшаның денесін кілемге орап, төртбұрышты етіп қазылған қабірдің түбіне арнайы орнатылған, сабан төселген биік қондырғының үстіне қояды. Сосын екі жағынан найзаларды шаншып, үстінен тақтайларды төсейді. Оның бетін өрілген қамыстармен жабады. Қабірге ұлы әміршімен бірге бір күңін, шарапшысын, аспазын, атшысын, күзетшісін, хабаршысын және аттарын, үй жануарларының алғашқы төлдерін, сондай-ақ алтын тостағанды көмеді. Ақиреттік өмірде де оның әйелі болатынын білдіру үшін Томирис өз бұрымын кесіп алып, күйеуінің кеудесіне қояды. Қабірдің үстіне биік етіп томпайтып топырақ үйеді.

Бір жыл өткен соң сақтар тағы да қонақасы жасады. Қалған құлдарының ішінен оған ең адал берілген елу жігітті және ең жүйрік елу арғымақты таңдап алып құрбандыққа шалады. Оларды қатырып, қабірді айналдыра қойған. Бұл рәсім өлі аттылар әміршінің о дүниедегі өмірінің тыныштығын қорғайды деген сенімнен туған.









Томиристің таққа отыруы

Патша өлімінен соң сақ жерін арам күштер жайлады. Осы аласапыранды жою үшін ел ішін қайта тәртіпке келтіру керек болды. Бұл рәсім бойынша Күн белгісі болып есептелетін құла атты босатып елдің орталығына жібереді. Бұл жер киелі орын саналған. Жауынгерлер бір жыл бойы сол аттың соңынан еріп отырған. Сөйтіп көктемгі күн мен түннің теңескен, түннің күші әлсіреп, жарық күннің күші бел алған күні сол сәйгүлікті күймеге жегеді. Оған Томирис патшайым отырып, киелі жерге келеді. Сол жерде атты әлемді ұстап тұрған қазыққа (желіге) байлап, құрбандыққа шалады. Әлем Аспан, Жер, Жер асты деп аталатын үш бөліктен тұрады деп түсінетін массагеттер аттың етін үшке бөледі. Бұл осы үш бөліктен жаңа патша басқаратын жаңа әлем құралады дегенді білдіреді.

Өміріміз жақсарады деп үміт артқан массагеттер күн мен түн теңескен күні Томиристің таққа отыру құрметіне дастарқанды алуан түрлі тамақтармен толтырып, өздері барынша көңілдерін көтерді. Тайқазандар қойылып, оған құрбандыққа шалынған мал еттері дайындалды. Әрбір үйде сыра таратылды. Бұл сусынды сақтар ерекше ұнатқан. Оны ішкен ақын-жыраулардың шабыты тасып, жауынгерлердің батылдығы күшейе түскен. Сол себепті сыраны әрбір үй ашытып, қолдан әзірлеген. Қауымдағы барлық шаңырақ жыл сайын өтетін мерекелер мен құрбандық рәсімдеріне арнап астық дақылының қорын сақтаған. Көпшілік боп өткізілетін салтанат, мейрамдар үшін әрбір отбасы міндетті түрде бірдей өлшемде сыра жасайтын жарма бөлген. Мерекеден кейін де сыраны ішкісі келген кейбір отбасылар дақылды өлшегенде артығырақ беруге тырысқан. Ал құлмақ* қоспаған сыра сыра бола ма? Құлмақсыз сыра жас

*құлмақ – шырмалып өсетін, жіңішке сабақты, ашытқылық қасиеті бар көп жылдық өсімдік.





балаларға әшейін шөл басар сусын ғана бола алады, ал батырлар үшін түкке жарамас еді.

Сыраның өзі алуан түрлі болған. Сақ батырлары «алутон» дейтін сыраны ерекше жақсы көрген. Осы сусынға қойдың құйрық майын, кейде тіпті бір қойдың бар етін тұтасымен салып қайнатқан. Мұндай сыраның дәу шарасы ең күшті деген еркектің өзін алып ұрған.





Сусынның тағы бір түрі – қасиетті «хаома». Ежелгі аңыз бойынша бұл сусынды алғаш Ахура Мазда жасаған. Хукарья деп аталатын Харайти биік тауында Құдайға сыйынып, құрбандық шалатын орынды да тауып берген осы кісі.

– Оның зор үні барлық жерден естіледі, – дейтін сақтар, – таудың биік шыңынан шығып, жер бетіне жайылып, тіпті аспанға ұласып жатады...

Сақтар хаома құдайлармен тілдестіреді деп сенген. Сондықтан сусынды ішкен уақытта абыздар дұға оқып, қасиетті әндерді айтқан. Осындай сиқырлы әннің ырғағы ішіп отырғандарға түрлі аян береді. Ондайда адам жеңілдеп, қанат біткендей сезінеді. Жер бетін тастап, алыс-алыс әлемдерге ұшып, бабаларымен кездеседі. Ол тіпті Құдаймен де тілдесіп, өзінің болашағы туралы сұрап біледі. Осының бәрі хаоманың құдіретті күші бар деген нанымнан туған. Бұл киелі сусынды сақ тайпалары өсімдіктер мен жемістерден жасаған. Біреулер ол үшін құлмақ, екіншілері эфедра, үшіншілері саңырауқұлақ пайдаланған. Бірақ хаоманы бәрінен де шебер жасаушылар хаомаварга, яғни хаома қайнатушы деген атпен белгілі сақ тайпасы болған.

Сыра, алутон, хаома сусындары Томиристі патша етіп сайлаған салтанатты мерекеде сел боп ағылды. Алдағы жыл жайлы болып, жайылым малға толып, егістіктен мол астық құйылсын деп, Құдайдың еркін білу үшін ерекше рәсім өткізді. Оны тайпа көсемдері басқарды. Олар «жақсылық» пен «жамандықты» бейнелейтін екі топқа бөлінді. Жаңа патша «жақсылықты» көрсететін топқа енді. Әрбір топ өз ішінен жекпе-жекке шығаратын батырларын таңдады. Қарсыластар шеңбердің ортасына қолдарына қылыштарын ұстап, бір-біріне қарама-қарсы келіп тұрды. Көрермендер олардың әрбір қимылын аңдып, тынып қалған. Батырлар бірін-бірі жеңе алмай, ұзақ айқасты. Елдің әбден шыдамы таусылуға айналған шақта «жамандық» тобының жауынгері сүрініп құлап қалады... Бұл келер жыл берекелі болып, Томирис халыққа тек жақсылық әкеледі дегенді білдірді. Көрермендердің қуанышында шек жоқ.

Жеңімпаз жігіт қарсыласының тұруына көмектесіп, бірін-бірі құттықтап, қолтықтасып дастарқан жаққа бет алды.



Аян берген оқиға



Алықтың ырымы дәл келіп, осы жыл да, алдағы тағы бір-неше жыл да берекелі болды. Спаргапис те бұл кезде әжептәуіресеіп, сұңғақ бойлы, сымбатты, найза мен қылышты қолында ойнатқан жас жеткіншекке айналған. Бойында ешбір міні жоқ бозбалаға қыздар да көңіл аудара бастады. Анасы Томиристің де көз қуанышы болып, жанын жадыратты, бірте-бірте барлық қайғы-мұңын ұмыттырды.

Бірде елде не болып, не қоятынын Құдайдың өзі мүлтіксіз бақылайтындығын көрсететіндей оқиға болды. Мал жайып жүрген малшылар тынықпақ болып бір төбешікке барып жайғасады. Осы кезде сол жерге найзағай оты түседі. Отырғандардың біреуі есінен танып қалады. Достары жалма-жан көмек көрсетпекке ұмтылады. Бір малшы ауылға қарай шаба жөнеледі. Мұны естіген ауыл адамдары жиналып, Құдайға сыйынып, жалбарына бастайды. Біраздан соң әлгі кісі есін жинайды да, ел оны үйіне әкетеді. Абыздар найзағай түскен жерге құран оқып, жас лақты құрбандыққа шалады. Содан бәрі ауылға келсе, найзағайдан зардап шеккен малшы қайтыс болып кетіпті. Туғантуыстары жиналып, бұрын-соңды найзағайдан өлген адамдардың аттарын атап, жоқтау айтады. Қайғылы ән айта отырып, өлген малшыны айнала шеңбер жасай әрлі-берлі жүреді. Олар өздерінің өтініштерін Құдай естіп, оған жан береді, тірілтеді деген үмітпен әндерін де, айнала жүрулерін де күні-түні тоқтатпады. Үш күн өткен соң найзағай түскен жерден қабір қазып, малшыны сонда жерледі. Әлі де тірілетін шығар деп үміттенген туыстары қабір басына тағы үш күн түнеді. Мұның арты қатты нәсерге айналды. Бұл Құдайдың одан да қатты қаһарлана түскенін білдірді. Сөйтіп туысқандары малшыны қайтадан қабірден шығарып алып, екі өгіз жегілген арбаға салады да, өгіздердің басын бос жібереді. Өздері солардың артынан еріп отырады. Олар өте ұзақ жүреді. Ақырында өгіздер бір жерге тоқтайды.



– Құдай оны осы жерге жерлеңдер деген белгі беріп тұр, – деді абыз. Сөйтіп малшының денесі жерге берілді. Осыдан соң абыздар Томириске ол билеген жылдар жақсы болғанымен, алда үлкен шайқастар күтіп тұр деп болжамын айтады.



Шекараға келген Жау

Томирис жазды жайлауда өткізіп, қыс түсе ордаға қайтатын. Ол кезде сақтарда теңдесі жоқ қару-жарақ, әскери сауыт-сайман, ат әбзелдері мен ер-тұрмандар, алтын, күміс бұйымдар жасайтын қолөнершілер, зергерлер тұратын қалалар болған.

Құрылысшылар қала бекіністерін ешбір жау аяқ баса алмайтындай етіп нығайтуға аса қатты көңіл бөлген. Ол үшін таудың биік басын тегістеп, беткейлерін құламалы тік жар жасаған. Сайларды терең әрі кең етіп қазып тастаған. Тау үстіндегі тегіс алаңға қабырғасын балшықтан қалап, үй тұрғызған, жерді қазып жеркепе* жасаған, киіз үй құрған. Сырдария мен Арал алқаптарында олар қалаларын биік жерлерге салған. Мұндай құрылыстар жаудың арам пиғылына кедергі келтіретін.

Томирис тұрған қала екі қабат қабырғамен айналдыра қоршалған және жан-жағынан терең ор қазып, оны сумен толтырып тастаған. Бекініс қабырғалардың арасын адам еркін өтетіндей ашық дәліз етіп жасаған және сыртқы қабырғаға садақшылардың келе жатқан жауды атуына арналған арнайы тесіктер қалдырған.

Бір күні бекініс қамалда күзетте тұрған жауынгерлер алыстан жасақ келе жатқанын байқап қалады. Аттылар жақындағанда олардың киімдері көшпелілерге ұқсамайтынын көреді. Алайда қонақтар бейбіт шаруамен жүрген сияқты.

Бұлар парсы патшасы Кирдің тапсырмасымен келген елшілер екен. Олар Томирис патшамен сөйлескілері келетінін айтты.

– Біздің тақсыр – көп елді өзіне қаратқан патша, – дейді парсылар масаттана. – Талай жерді аралап, талай оқиғаны бастан кешкен. Сондай сапарларында Томирис деген патша әйел туралы, оның ақылы мен сұлулығы туралы естіп, құда түсуді ойлайды. Шынайы сезімінің белгісі ретінде сый-сыяпат жіберді. Қабыл алыңыз, – деп парсылар ізетпен Томирисің алдына көздің жауын алардай керемет заттарды: әдемі өрнектермен

*жеркепе – жерден қазып, төбесі жабылған жер үйі, жертөле.







айшықталған маталар, қолдан тоқылған кілемдер, асыл тастармен әшекейленген алтын білезіктерді тастады. Алайда Томирис көзінің қырын да салмады. Патша нөкерлерінің тәкаппар әрі менмен жүздері, жағымпаздана сөйлеген сөздері Томиристің ашуын қоздырды. Ол жасынан басын кесіп алса да тайсалмай тура әрі батыл сөйлеуге дағдыланған және ештеңеден қорықпайтын өжет, ашық адамдарға үйренген. Ол Қирдің массагеттер патшалығына көз салғанын жақсы түсінді. Елшілерді қуып шығар еді, өттең дәрежесі мен тәрбиесі жібермеді, тіпті өзінің оларды жек көріп отырғандығын қимылынан да, сөзінен де байқатпады. Оның үстіне дала заңын, кез келген жолаушыны құрметпен қарсы алу керектігін жақсы білетін Томирис елшілерді тамақтандырып, барлық жағдайларын жасауға, сонан соң оларға күйеуінің өлімінен кейін екінші рет күйеуге тимейтінін айтып жеткізуге бұйрық береді. Парсылар еліне аттанып кеткен соң Томирис көсемдерді кеңеске шақырып:

– Біз үшін жауларымыз туралы көп мағлұмат алған дұрыс. Сендер Қир патша туралы не білесіңдер? Оның іс-әрекетінен кім хабардар? – деп сұрады.

– Біздің арамызда парсы қашқыны жүр, – деді көсемдердің бірі. – Айтуынша, елінде жүргенде бір қылмыс жасап, соның жазасынан қорқып осында қашып келіпті. Бізге қарағанда Қирдің келуінен сол қатты қорқып жүрген көрінеді. Содан сұрайық.

– Шақырыңдар онда, – деді Томирис.

Нөкерлері қашқын парсыны тауып, Томириске жеткізеді.

– Қир жайында не білесің? – деп сұрайды одан Томирис.

Қашқын патша алдында тағзым етіп, Қирдің өмірге келу тарихынан бастап толық айтып беруге кірісті.

– Ертеректе Персияны Камбиз деген патша билеген, – деп бастады ол әңгімесін. – Соның Мандана атты әйелінің әкесі Мидия елінің патшасы Астиаг бір күні түс көріпті. Сөйтіп ол көріпкелдерін шақырып алып, көрген түсін айтып береді. Бұл түс, шынымен де, жай түс емес, аян болып шығады. Түстің шешуі Астиагқа ұнамайтынын бірден сезген көріпкелдер патшаға не айту керектігін білмей, ұзақ ойланады. Әрі ойлап, бері ойлап, ақырында не де болса айтуға тәуекел етеді. Көріпкелдің біреуі:





– Мәртебелі патшамыз, жақында бір ер бала – немерең дүниеге келеді. Ел билігі кейін сол баланың қолына өтеді, – дейді.

Таққұмар Астиаг ашуға булығып:

– Ол бола қоймас! – деп ақырады. Ашуы тарқап, өзіне-өзі келген кезде данагөйлерімен ақылдаспақ болады. Сонда олар:

– Немереңнің көзін жойғаның дұрыс, сонда тағдырдың жазуын өзгерте аласың, – деген ақыл айтады.

Осыдан соң Астиаг қызы Мандананы қолына алғызады. Айыкүні жетіп, қызы ұл туады. Данагөйлерінің ақылын іске асыруды патша өзінің жоғары шенді шенеунігі Гарпагқа бұйырады. Ол бұл істі патша құлдарының бірі Митридат деген малшыға тапсырады, оған жаңа туған жас сәбиді тауға, аңдардың ортасына апарып таста дейді. Дәл осы мезгілде малшының да әйелі босанып, өкінішке орай, олардың кішкентайлары шетінеп кетеді. Малшы патшаның құндақтаулы немересін өз лашығына алып келеді. Өлген балаға патша немересінің киімдерін ауыстырып кигізіп, тауға апарып тығып кетеді.

Құдайдың қалауымен аман қалған Кир тұрмыстары төмен құлдардың шаңырағында өсіп жатады. Бірде ойнап жүрген балалар Кирді патша етіп сайлайды. Араларындағы бір ақсүйектің баласы «мен құлдың баласына бағынғым келмейді!» деп көкірегің кереді. Кішкентай Кир ашуланып, әлгі баланы жазалаңдар деген бұйрық береді. Осыдан соң баланың әкесі патшаға барып, құлдың баласы ақсүйектердің балаларын ұратынын айтып, шағымданады. Астиаг құл баласының мұндай жүгенсіздігіне қайран қалып, оны алып келуге бұйрық береді.

Сотқарды көрген патшаның жүрегі шым ете қалды. Тоғыз жасар құл – аумаған өз суреті. Қолма-қол Митридатты алғызып, мәнісін тексеруге әмір етеді. Құл ауыр соққыларға шыдамай, бар шындықты жайып салады. Содан ашулы Астиаг Гарпагтың сазайын тарттыруды ойластырады. Бір күні оны әдейі асқа шақырып, Кирмен жасты баласын өлтіріп, етін жегізеді. Содан соң көріпкелдерді тағы шақырып алып, «енді Кирден келер қауіп бар ма?» деп сұрайды. Олар патшаның көңілін орнына түсіріп:

– Сенің немерең ойын болса да, бір рет патша сайланып көрді. Енді одан келер қорқыныш жоқ, себебі аян орындалды, – дейді.







Көңілі жайланған Астиаг немересін қызына қайтарады. Бұл уақытта ұлының өлімі үшін кек алуды көздеген Гарпаг Астиагқа қарсы қастандық жасауды жоспарлап жүреді. Ол көптеген мидиялық ақсүйектерді көндіріп, өз жағына шығарып, Кирді одақтас болуға үгіттейді. Гарпаг Кирге хат жазып аңшы боп киінген шабарманын жібереді. Атасының баяғыда істеген зұлымдығы үшін кек алуға шақырған хатты оқып шыққан соң Кир айламен әрекет етуді ойлайды. Ол мол етіп дастарқан жасатып, халықты жинайды. Ел әбден қызған уақытта атасы Астиаг оны әскербасы етіп тағайындамақ болғанын айтады.

– Сендерге көңіл көтерген жақсы ма, әлде ауыр жұмыстан азап тартқан жақсы ма? – деп сұрайды Кир.

– Әрине, көңіл көтерген, – деп жауап береді жиналғандар.

Осылайша Кир еш қиындықсыз халықты Астиагқа қарсы көтеріп шығады. Олар мидиялықтардың тас-талқанын шығарып, Астиагты тұтқынға алады. Содан бері Кир Мидияны билеп, мидиялықтардың патшасы болады. Кейін парсылар Парфияны, Гирканияны, Арменияны жаулап алған. Бұлардан басқа Лидия деген өте бай ел болған. Оны Крез патша басқарған. Оның дәулеті асып-тасқан адам болғаны сондай, ел үлкен байлық туралы айтқысы келсе, «Крездің байлығындай» деген теңеуді қолданған. Саудасаттық үшін ақшаны ойлап тапқандар да осы лидиялықтар.

Осыларды айтып тұрып қашқын белдігіндегі қалташықтан бірнеше металл дөңгелектерді алып шығып, басын ие Томириске ұстатты. Патша әйел теңгелерді таңдана айналдыра қарап болғанша ол ізет сақтап үндемеді.

– Айта бер, – деп бұйырды Томирис.

– Крез, – деп жалғады әңгімесін ол, – Кирді жаулап алмақ болады, бірақ ойы іске аспай, жеңіліп, қазір Кирге өзі қызмет етіп жүр. Басқа да патшаларды өзіне бағындырған парсылар енді осы елдің шекарасына келіп тұр.

Қашқын әңгімесін аяқтаған соң рұқсат алып шығып кетеді. Ол кеткеннен кейін Томирис көсемдерге:

– Мына әңгімеге қарағанда, Кир өте зұлым әрі билікті өлгенше жақсы көретін адам сияқты. Соғысқа дайын отыру керек, – деген шешімін айтады.





Қирдің ішкі есебі

Тарсықашқынның айтқандары шындық еді. Сақ тайпалары мен көрші елдердің бәрін жаулап алған соң Қир массагеттерді де бағындыруды ойлайды.

– Массагеттер өте көп және олар ер жүрек халық. Олар Аракс өзенінің ар жағында, исседондарға қарсы орналасқан, – деп түсіндірді кеңесшілері оған.

– Аракс деген қандай өзен? – деп сұрады Қир.

Кеңесшілері бұл өзен туралы әңгімені сан-саққа жүгіртті. Олардың айтқандарының алуан түрлі болғаны сонша, Қир қайсысына сенерін білмеді.

Біреулерінің айтуы бойынша, Аракс Истрден үлкен, ал басқалары, керісінше, бұл өзенді одан кіші деді.

Бірқатарының айтуынан ұққаны – Араксте аралдар өте көп. Сондай-ақ Аракс қырық тарамға бөлініп, бір тармағы ғана ашық жермен ағады, ал басқасы сазды, батпақты жерлерге сіңіп жоқ боп кетеді екен.

Көзімен көргендер:

– Ол жерлерді итбалықтың терісінен киім киетін, шикі балық жеп күн көретін адамдар мекендейді. Өзендегі аралдарда өсімдіктердің тамырымен қоректенетін адамдар тұрады. Жазды күні олар ағаштардың жемістерін жинап алып, қысқа азық етеді. Онда жемісі жеуге жарамайтын ағаштар да өседі. Ондай ағаштардың жемісін массагеттер отқа жағады. Олар жиналып, от басына жайғасып, улы жемістерді отқа лақтырып, біраздан соң соның иісіне мас болады. Неғұрлым көбірек жеміс жақса, ол соғұрлым адамды қатты мас қылады. Әбден масайған кезде атып тұрып, би билеп, ән салады, – деп әңгімелейді.

Қир осылайша массагеттер туралы әр нәрсені сұрастыра берді. Кеңесшілері қаһарлы да өркөкірек әміршілерінің далалықтарға қызығушылық танытуының тегін емесін сезді.







– Оларды да өзіне қаратуды ойлаған сияқты, – деп болжамдай бастады маңайындағылар.

– Сол елдің қажеті қанша? Ондай жерлерде сақтардан басқа тірі жәндік те өмір сүре алмайды, – деп кейіді арасындағы біреулері.

Алайда Кирдің массагеттерге жорық жасауға ұмтылуының ішкі есебі болды. Ең алдымен, ол өзінің өмірге келу тарихына қарап, өзін адамдар арасында теңдесі жоқ, құдіреттімін деп есептеуі еді. Екіншіден, барлық соғыста жеңіліс көрмеген жолы болғыштығы. Себебі, осы уақытқа дейін оған кездескен бірде-бір қарсыласы тегеурінді қорғаныс көрсете алмады.

Айтылған әңгімелерден Кир далалықтарды күйеуі қайтыс болған әйел патша билейтінін білді. Сондықтан ол массагеттерді айламен алуды ойлады. Құдалықты сылтау етіп Томириске елшілерін аттандыруының да мәні осы еді. Алайда Томирис бұл қулығын біліп қойып, оған қарсы жауап жіберген. Енді Кир массагеттерге ашықтан-ашық соғыс жариялады.

Парсы патшасы әскерін Аракс өзенінің келесі бетіне өткізу үшін кемелерді бір-бірімен жалғастырып қалқымалы көпір салуға бұйрық береді.

Кирдің әскері көпір салу жұмысымен айналысып жатқанда, массагеттер көне ырымдарын жасауды жөн көрді. Мұнда еркектер қолдарын айқастыра бір-бірінің белінен ұстап, шеңбер құрып тұрады. Сонан соң оң аяқтарын алға қойып, тізелерін бүгіп басқа еркектердің өз иықтарына шығуына көмектеседі. Олар да бір-бірінің белінен ұстайды. Осылай екі қабатты тірі қабырға жасаған соң олар біресе оңға, біресе солға жүріп, би билей бастайды. Осы биді массагеттер өз бастарына қауіпқатер төнгенде орындаған. Себебі олар егер әлемде бейберекетсіздік орнап, қауіп төнсе, ән ырғағымен шеңбер бойынша дұрыс қимылдар жасап, тәртіпті орнына келтіруге болады деп есептеген. Өйткені, сақтардың түсінігінше, шеңбер де, ырғақта өзінше бір тәртіпке бағынады.

Еркектер бір-бірімен ауысып, көне биді тоқтаусыз орындап жатқанда Томирис өз жаршысын Кирге аттандырады. Жаршысы арқылы парсы әміршісіне:





– Мидия патшасы! Алған бетіңнен қайт! Салғызып жатқан көпірлеріңнен саған келер пайда бар ма, жоқ па, алдын ала біле алмайсың ғой. Таста бұл ойыңды. Біз өзімізше өмір сүріп жатқан бейбіт елміз. Сен де өз еліңді биле. Ал егер ақылымызды алғың келмей, өз білгеніңше әрекет еткің келсе, массагеттердің жерін қайткенде де басып аламын деген ойыңнан таймасаң, көпір салуыңды тоқтат та, әскеріңді алаңсыз өзеннен бері өткіз. Біз үш күндік қашықтыққа шегіне тұрамыз. Қаласаң сенің жеріңе біз өтейік, шешімін өзін айт, – деген жарлық жібереді.

Қир парсы мырзаларын кеңеске шақырып, істің барысын айтып, олардан не істеу керек екеніне өз көзқарастарын білдіруді талап етеді. Ақылдаса келіп бәрі бір ауыздан Томиристі әскерімен өз жерлерінде күткен дұрыс деп шешеді. Кеңеске қатысып отырған Крез бұл шешімге қарсылық білдіріп Қирге былай дейді:

– Тақсыр! Сенің қолыңа түскелі өзіңе және сенің үйіңе төнген қатерге шамам келгенше кеудемді тосам, пәленің бетін қайтаруға барымды салам деп ант еткен едім. Менің тартқан тақсіретім өзіме сабақ болды. Сен мәңгі өлмеймін, үнемі әскердің алдында жүремін деп өз-өзіңді алдаусыратасың. Менің ойымша, оның түк пайдасы жоқ. Ал егер өзіңнің ет пен сүйектен жаралған адам екеніңді, қарамағыңдағылардың да өзің сияқты пенде екенін мойындасаң, менің айтқан сөздеріме құлақ сал. Өмір – кезек. Бір адамның өмір бойы бақытты болуы мүмкін емес. Менің пікірім сенің мырзаларыңның ойына қарамақайшы. Егер жауымызды өз жерімізге кіргізсек, арты жақсылыққа апармайды. Осы жолы да бәрі ойыңдағыдай шығатынына толық сенесің бе? Жеңілсең, өз мемлекетіңді құртқаның. Массагеттер жеңер болса, соны қанағат қылып, еліне қайтып кетпесі айдан анық емес пе? Онымен қоймай, иеліктеріңе қол сұғады. Егер сен жеңіске жеткен жағдайда сенің жеңісің, менің ойымша, ауыз толтырып айтарлықтай нағыз жеңіс болмайды. Бұл массагеттерді өз жерінде талқандап, қашқандарын қуып жүріп өлтіргенмен





бірдей емес. Екі жақтың неге қол жеткізерін салыстырып көрейік. Жауды өз жерінде құртсаң, Томиристiң иелiктерiне жолың ашылады. Ұлы Кир, егер жеңiлiс тапсаң, масқара болып, әйелге бағынасың және парсы жерiн қолдан берiп, олардың жайлап алуына өз қолыңнан жағдай жасайсың. Сондықтан өзеннен ары өтiп, жауларың қанша шегiнсе, соншалықты тереңiрек енген жақсы емес пе? Егер бiз осылай iстесек, жеңiс бiздiң қолда. Мен сұрастырып көрiп едiм, массагеттерге парсылардың сән-салтанатты өмiр салты таныс емес, олар мұндай өмiрдi көрмеген де. Сондықтан өз қосынымызға ағыл-тегiл дастарқан жайып, көп мал союымыз керек. Оған қоса шараптарды да, тамақтың сан түрiнде аямай қою қажет. Осының бәрiн дайындап, ең нашар жауынгерлердi сонда қалдырып, ал негiзгi күшті өзен маңына жасыра тұрған дұрыс. Егер менiң iшкi ойым менi алдамай есебiм дұрыс болып шықса, жауларымыз дастарқан толы тамақты көргенде естерi шығып, бас салады. Сол уақытта бiз де қапы қалмаспыз, жеңiс бiздiкi болар!



Аян

Крездің сөздерін ақыл таразысына салған Кир жауды өз жеріне кіргізу туралы ұсыныстан бас тартып, Крездің айтқанын іске асыруды жөн санайды. Сөйтіп Томириске өзінің өзеннен өтетінін хабарлайды. Ешқашан айтқанынан айнымайтын Томирис әскерін алып, өзеннен арырақ кетеді.

Кир өз мұрагерінің жағдайын ойлап, баласы Камбисті Крезге қосып, Персияға қайтаруды дұрыс көреді. Оған кетерде:

– Крезді тыңда, құрметте, – деп бар өсиетін айтады. Бұл жолы сәтсіздікке ұшыраса, Крездің оған қамқор болуын өтінеді.

Аракстен өтіп, массагеттер жеріне табан тигізген Кир түс көреді. Түсінде Гистасптың ұлдарының ең үлкеніне екі қанат бітіп, бір қанатымен Азияны, екіншісімен Еуропаны жауып алған екен. Гистасптың ұлдарының үлкені Дарий* еді. Оның жасы әлі жиырмаға толмағандықтан, әскери қызметке жарамсыз деп, Персияда қалған болатын. Кир ояна келіп, көрген түсін жори бастады. Мұны жоғарыдан түскен аян деп шешті. Жалма-жан Гистаспты шақыртып алып, ешкім жоқта оған:

– Гистасп! Сенің ұлыңның маған қарсы арам ойы бар. Бұл айдан анық. Құдайым мені ойлап, маған келе жатқан қауіп-қатерге көзімді ашып, алдын ала белгі беретін. Міне, осы жолы да бәле-жаладан сақтандырмақ. Түсімде сенің ұлыңды көрдім. Оған екі қанат бітіп, бірімен Азияны, бірімен Еуропаны жауыпты. Оның менің өміріме қатер төндіретіні анық. Сондықтан тез арада Персияға қайт, балаңнан анық-қанығын біл. Мен де мына елді бағындырып, сол бетте елге қайтамын, – дейді.

Кирдің бұлай сөйлеуіне қарағанда, ол шынымен де Дарий өзіне қарсы пиғыл танытып жүр деп ұққан. Алайда Құдай түс арқылы оның осы соғыста, осы елде ажалын тауып, мемлекеті Дарийдің қолына өтетінін білдіргісі келгенін сезген жоқ еді.

Гистасп патшаға:

*Дарий I – Ахемендер патшасы (б.з.д. 522 – 486 жылдар).

– Тақсыр! Сенің өміріңе қол сұғатын адам тумасын! Егер де ондай адам бұл өмірде бар болса, онда оның өлгені жақсы! Сен парсыларды құлдықтан босатып, салық төлеуден құтқардың. Бізді бар халықтың қожасына айналдырдың! Егер көрген түсің менің ұлымның арам ой жасағысы келіп жүргенін сездірсе, баламды өз қолыңа тапсырамын. Не істесең де, өз еркің! – деп жауап береді.

Қирге жағынып, ұлын тұтқынға алмақ болған Гистасп Персияға жол тартты.



Асқанға - тосқан

Сақтар асықпай артқа шегіне бастады. Олар бұлақ көздері мен құдықтарды бітеп, шөп-шалғынды құртып отырды. Әйел, бала-шағаны, сондай-ақ өздеріне азыққа қажеттісінен басқа бар малды алысқа, жау аяғы жетпейтін жаққа қарай көшірді. Үш күннен соң сақ әскері алға жылжыды.

Сақтардың алдыңғы негізгі жасағы өзеннен бері үш күндік жерден парсыларға жолықты. Парсылар сақ аттыларын көрген бетте олардың соңынан қуа жөнелді. Сақ жасақтары шегіне отырып, жауын алдап, ішкерілей кіргізе берді. Шөлді жерге жеткенде Кир әскерін тоқтатады. Осылайша соғыс ұзаққа созылып, тіпті оның бітер-бітпесі белгісіз болып кеткендіктен Кир:

– Неге сендер тоқтаусыз қаша бересіңдер? Егер өздеріңді бізден мықты санасандар, бізге төтеп бере алсандар, тоқтандар, сергелдеңге түсіргендеріңді қойындар да, менімен ашық соғысқа шығындар. Ал егер әлсіздіктеріңді мойындасандар, босқандарыңды қойып, өздеріңді бағындырған қожайындарыңа жерлерің мен суларыңды сыйға тартып, келіссөзге алдыма келулерің керек, – деген қоқан-лоқымен Томириске елшісін аттандырады.

Кирдің бұл сөзіне Томирис:

– Біздің жағдайымыз мынадай, патша! Соғысу-соғыспау жайында айтсақ, біз бұрын-соңды еш уақытта ешкімнен қорқып қашқан халық емеспіз және қазір де қашпаймыз. Жайшылықта не істесем, бүгін де соны істеймін. Ал сенімен неге бірден соғысқа түспегенімізді білгің келсе, оны да түсіндірейін. Бізде өзің білетіндей берік қамал да жоқ, жырттылып, өңделген жер де жоқ. Біз ол жерлердің кедейленуінен, қаңырап бос қалуынан қорықпаймыз, сондықтан сендермен шайқаса кетпегеніміздің де себебі сол. Егер бізбен қайткенде де соғысқыларың келіп, көңілдерің жай таппай, құштар болып отырсаңдар, мұнда біздің ата-бабаларымыз жатқан зираттар, қорғандар бар, соларды тауып алып, қорлап көріңдер.



Сонда көресіндер, шайқасамыз ба, жоқ па. Ал әзірше соғысу ойымызға келмейді. Сондықтан біз сендермен соғыспаймыз. Қожайынға қатысты айтар болсам, мен Зевс пен Гестияны ғана мойындаймын, соларға ғана тағзым етемін. Өзіңді менің қожайыныңмын дегенің үшін сазайыңды тартасың! Сен сұраған жер мен судың орнына өзіңе лайықты, бірақ олардан басқа сый жіберемін, – деген жауаппен парсы патшасына арнап сыйлыққа құс, тышқан, бақа және бес жебе беріп, жаршысын Кирге жұмсайды.

Парсылар елшіден бұл сыйлықтардың нені меңзейтінін сұрайды. Елші оларға сыйлықтарды қолдарына тапсырып, тез кері қайтуға бұйрық алғанын және егер парсылар сондай ақылды болса, мұның жауабын өздері тапсын дегенді айтады. Парсылар бұл заттарға әрі қарап, бері қарап, мәнін түсінбей бастарын әбден қатырады. Ақырында кеңесшілерін шақырып, жиын өткізеді. Кир сақтар оның қол астына кіретінін, соның белгісі ретінде жері мен суын сыйға тартып, соғыстан бас тартатынын білдіргісі келген деп ұқты. Өйткені, оның ойынша, тышқан адам сияқты жемістермен қоректеніп, жерде өмір сүреді. Бақа суда тіршілік етеді. Құс жылдамдығы жағынан атқа ұқсайды. Ал жебелер сақтардың қарсылық көрсеткісі келмейтінін білдіреді. Осының бәрін қорыта келе, Кир сақтар өзіне соғыссыз беріледі деген пікірде болды. Кеңесшілерінің біреуі оның айтқандарына қарамақайшы ой айтты. Ол сыйлықтардың мәнін:

– Олар бізге: парсылар, егер сендер мына құс сияқты ұшып кетпесеңдер немесе тышқан сияқты жер қойнауына кіріп көздеріңді жоғалтпасаңдар, не бақа сияқты батпаққа батпасаңдар, елдеріңе ешқашан оралмайсыңдар, мына жебелерден ажал құшасыңдар дегенді айтқан, – деп түсіндірді.







Тұзақ

Тамирис көсемдерімен бірге парсылардың сөздерін талқылады. Құлдық туралы ой олардың ашуын қоздырды. Көсемдер парсыларды елдің түкпіріне қарай жібермеу керек дегенге тоқтады. Одан ары кіргізбеу үшін басқаша айла тапты, яғни азық іздеп шыққан Кирдің шағын жасақтарын аңдып жүріп, аяқ астынан бас салып, құртып отырмақ болды. Осыдан былай сақ сарбаздары шақырылмаған қонақтарды қуғынға алып, босытты, үрей мен қорқыныш тудырып, зәрулерін алды. Қуғыннан қашып жүріп, естері шыққан парсы аттылары өздеріне көмекке келе жатқан өз жауынгерлерін танымай, бірімен-бірі соғысып, өздерін өздері қырып кеткен күндері де болды.

Сақтар жорыққа, көбіне, түн жамылып шыққан. Олардың осы әдетін білген Кир енді түнді өз пайдасына шешуді жөн көрді. Жер бетін қою қараңғылық басқанда ол жоспарын іске асырмаққа бел бұды. Сөйтіп патша қосынға қолынан аса ештеңе келе қоймайтын, соғыса алмайтын адамдарын қалдырады. Барлық есектерді жинап, оларды қостың маңына байлап, от жағып қоюға бұйрық береді. Кир өзі таңдаулы сарбаздарын алып, өзенге қарай жүріп кетеді.

Бұл жоспар сәтті шықты. Әскердің негізгі бөлігі кеткен соң есектер бұрынғысынан да қаттырақ ақырып, айқай-шу туғызды. Мұны естіген сақтар парсылардың қосында екеніне сенімдері күшті болды. Әскердің бір бөлігі Кир қалдырған жауынгерлерге тап береді. Олардың қарсылық көрсеткеніне қарамастан, сақтар парсылардың бірін тірі қалдырмай, түгел қырады. Жеңістен соң бос қалған жау қосынында жаюлы дастарқанды көріп, массагеттер жеңістерін тойлауға тамаққа бас қояды. Ішіп-жеп әбден тойынған әскер сол жерде ұйқыға кетеді. Осы мезетті күткен парсылар жетіп келіп, жауынгерлердің көбін қырып-жойып, қалғандарын тұтқынға





алады. Тұтқынға түскендердің ішінде сақ патшасы Томиристің ұлы, массагеттердің қолбасшысы Спаргапис те бар еді.

Томирис баласының тұтқынға түскенін, көптеген сарбаздарының қырылғанын естіп, Кирге өз хабаршысын аттандырады.

– Қанішер Кир! Жеңіске жеттім деп есіріп, мақтанба. Менің ұлымды қолыңа қару алып, жекпе-жекке шығып, нағыз шайқас алаңында жеңген жоқсың.

Өздерің ішіп, бастарыңды жоғалтатын, ауыздарыңа не келсе, соны айтқызып лепіртетін жүзімнің шырынынан жасалған шарап беріп, зұлымдықпен қолға түсіріп отырсың. Енді мені тыңда: ұлымды босат, өзің аман-сауыңда көзіңді жоғалт. Егер сен осы ақылымды алмасаң, Күн құдайының атымен,



массагеттер Құдайының атымен ант етемін, қанға тоймаған басыңа қан жұтқызамын!

Жаршының бұл айтқан сөздеріне Кир құлақ аспады.

Томирис патшаның баласы Спаргапис шараптың уы қайтып, есін жияды. Өзінің қандай жағдайға тап болғанын түсініп, Кирден қолындағы кісенді шешуін талап етеді. Парсылар ханзаданың тілегін орындап, қолын босатады. Алайда Спаргапис намыстан өзіне-өзі қол салады.



Қайтқан кек



Қирдің өз айтқандарына құлақ салмағанын, ұлының қайтыс болғанын білген Томирис парсыларға қарсы соғысқа шығады. Бұл ең қатыгез соғыс болды. Алдымен, бір-бірін алыстан садақ оқтарымен атқылады. Жібелері таусылған соң найзамен, қанжармен бетпе-бет шайқасты. Соғыс ұзаққа созылды, екі жақ та өліспей беріскісі келмеді. Сол кезде Томирис соңына сақтаған «өжет қыздарын» қосты. Массаеттер жеңіске қол жеткізді. Парсылар майдан алаңында жер құшты, 29 жыл бойы ел билеп, өзін ешқашан өлмейтіндей көрген Қир де өз ажалын тапты.

Томирис өлгендердің арасынан Қирдің денесін тауып, оның басын кесіп алып келуге бұйрық береді. Сонан соң: «Майдан алаңында жеңіске жетіп, көзіңді құртсам да мені тірі өлік еттің, ұлымнан айырдың. Оны залымдықпен қолыңа түсіріп өлтірдің. Сол үшін берген уәдемді орындап, мен сені қанға тойдырамын!» деп парсы патшасының басын қан толтырылған меске салғызады.

Сақтар Спаргапистің де сүйегін тапты. Томирис ұлының өлі денесінің қасында үнсіз ұзақ тұрды. Спаргаписті де, шейіт болған басқа жауынгерлерді де арнайы қорғанға апарып жерледі. Топырағы таудай етіп үйілген сол қорғандарға сақ патшалары жерленетін. Томирисің күйеуі де сол жерде жатыр. Енді, міне, тағы бір жас қорған бой көтерді. Бұл әкесінің қасынан орын алып, мәңгі ұйқыға кеткен Спаргапис еді.

Қирдің қазасынан соң Ахемендер империясында толқулар етек алды. Барлық сақ тайпалары өз тәуелсіздігін қайтарды. Б.з.д. 522 жылы Қирдің түсі орындалды. Билік басына Дарий I келіп, империяны қайта жинай бастады. Ол Қирдің жолын қуып, сақтарға қарсы екі рет жорыққа шықты. Осы жорықтарының нәтижесі ретінде Дарий патша таудың ең басына «Мен әскеріммен сақтарға қарай жорық бастадым. Сонан соң төбесі үшкір бас киім киетін сақтар бізбен соғысуға қарсы жорыққа шықты. Өзенге жақындағанда мен әскеріммен оның келесі



бетіне өттім. Сақтардың жартысын бірін қалдырмай қырып, екінші жартысын тұтқынға алдым. Олардың Сқунха деген көсемін маған алып келді. Сонда мен өзімнің тілегіме қарай оның орнына басқа көсемді сайладым. Кейін ол ел менікі болды» деген сөздерді





тасқа қашатып жазғызады. Алайда Дарий осы жорық туралы шындықтың бәрін айтпаған.

Парсы әскерінің жақындағанын естіген сақтар үшке бөлінеді. Парсылар сақтардың алғашқы бөлігін талқандаған соң патшаның бұйрығымен сақтардың киімін киіп, қаруларымен қаруланады. Осылай екінші жасаққа өз адамдары сияқты болып келіп, сақтарды алдап түсіріп, барлығын қырып кетеді. Сақтардың үшінші жасағы парсыларға соғыссыз беріледі.





Дарий I келесі жылы массагеттерге қайта жорық бастайды. Бұл жорық оны сәтсіздікке ұшыратады.

Ширақ атты сақ жылқышысы әскери кеңеске жиналған сақ патшалары Сакесфар, Аморга, Томиристерге парсы әскерін қалай жеңуге болатынын айтады. Бірақ бала-шағасы мен бүкіл ұрпағын өмір бойы қамқорлыққа алып, керек-жарақпен қамтамасыз етуге ант беріңдер деген шарт қояды. Патшалардың уәдесін алған соң Ширақ өз мұрны мен құлағын пышақпен кесіп, денесінің әр жерін тілгілеп жаралайды да, қашып жүрген адамның кейпін жасап, парсылар қосынына барады. Өзін сақ патшасы қалай соққыға ұшыратқанын айта отырып, олардан кек алмақ екенін жеткізеді. Дарий I-ге парсы әскерін сақ жеріне тереңірек кіргізіп, қамсыз жатқан жерінде жаудың үстінен түсіремін деп уәде береді.

– Олар мені сатқын деп есептейді. Сол үшін мені осылай жазалады. Енді сақтардан қайткен күнде де кек аламын. Оларды қапыда қалдыру үшін сендерді тура жолмен апарамын, – дейді Ширақ.

Парсылар оған қатты иланады. Ширақ парсы әскерін сақ даласына бастап алып жүреді. Олар бірнеше күн, бірнеше түнді жүріспен өткізеді. Ақырында әбден қалжырап, азып-тозған парсылар өздерінің оңбай алданғандарын біледі. Дарийдің қатты ашуға булыққан қолбасшысының бірі Шираққа келіп:

– Сен ұлы патшаны не үшін алдадың? – деп сұрайды.

– Бұл менің жеңісім! Елімді аяғына таптамақ болған жауымды сусыз шөлге әкеп тықтым, – дейді Ширақ. – Жалғыз өзім халқымды құтқардым, парсылардың көзін жойдым.

Өзін құрбандыққа шалған ержүрек жылқышы Ширақ осылай қаза болады.

Шөл далада барлық адамдарымен қаңғып қалған Дарий патша Ахура Маздадан жерге жаңбыр жіберуін сұрайды. Алайда аз ғана тамшылап өткен жаңбыр Дарийдің жауынгерлерін құтқара алмайды. Парсы әскерінің барлығы дерлік қырылып, Дарийдің өзі зорға аман қалады. Міне, бар шындық осы.

Парсылардың ізінен қалмай сырттан бақылап жүрген сақ барлаушылары жау әскерінің тоз-тозы шығып, қырылғаны қырылып, кеудесінде жаны бары еліне қашқаны туралы хабарды





қуана жеткізді. Ердің сойы Шиραқтың денесін тауып, Томирисінің ордасына алып келген де солар. Барлаушыларды патшайым өзі қарсы алды. Батырдың өне бойындағы таңбаларға қарап тұрып:

– Жаудың қолын тұтастай жалғыз өзі жайрататын ұлдары бар халық нағыз құдіретті халық емес пе? Ондай елге екінші қайтып кім беттей алар?! – деді.

Парсылардың жеңіліске ұшырағаны жер-жерге тарап кетті. Ұлы Дала жауынгер сақ халқының, оның дана патшайымының даңқын жер-жаһанға тағы да паш етті. Жаужүрек ұлдары мен қыздары бар осынау елдің тыныштығына қол сұғуға, жерін таптап, суын лайлауға ешбір жаудың жүрегі дауаламады.

Сақ патшалары уәделерінде тұрды. Парсы әскерін жалғыз өзі қырып салған Ширақтың еңбегін бағалап, оның балашағасына зор құрмет көрсетті. Ерлігіне тәнті болған елі оның атын даңққа бөледі. Бірақ Ширақ өзінің бұл ісі халық жадында сақталып, аңызға айналарын білген жоқ еді.



Молмирис патша өз елінде бұдан кейін де талай жылдар билік етіп, қара қылды қақ жарған әділдігімен, данышпандығымен, көрегендігімен халқын талай таңқалдырды. Олар өз басшысы туралы жыр толғап, оның атын аңызға айналдырған. Бұл аңыз-жырлар Молмирис патшаның есімін әйгілі амазонкалардың ізін басқан Жауынгер әйелдің есімі ретінде, туған даласының тәуелсіздігін қорғаған ұлы қолбасшының есімі ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, Ұлы дала аспаны астында ғасырлар бойы мәңгі жасатты.





Құрметті оқырманғар!

«Шығыстың ұлылары» атты топтама кітаптары күні бүгінге дейін балалар көркем әдебиетінде нақтылы айтылмаған ұлы адамдардың өмірімен таныстырады. Топтама ірі тарихи оқиғаларды, маңызды қозғалыстарды, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды және ұлы тұлғалардың, қағандардың, батырлар мен ғалымдардың, ойшыл-ақындардың өмір жолын қамтиды. Сонымен қатар әдеби шығармалар балалардың туған жеріне, халқына, тарихына ыстық сүйіспеншілік сезімдерін оятып, ұлы ата-бабаларының асыл мұраларын құрметтеп, Отанына деген мақтаныштарын арттырады.

Баспа жобасының жетекшілері және кітапты шығаруға жауаптылар
Қ. Раимбеков, Б. Иманәлиев

Авторы
А. Галиев

Кеңесшісі
*Халықаралық қыпшақтану институтының директоры,
ҚР ҰҒА-ның академигі, тарих ғылымының докторы, профессор Б. Кәмеков*

Аударған
Н. Сламбекова

Суретшісі
М. Әуезов

Бас редакторы
Қ. Байғабылова

Көркемдеуші редакторы
Е. Козлова

Редакторлары
М. Есенәлиева, Ғ. Момынәлиева

Корректоры
Д. Мамырбаева

Біздің мекен-жайымыз:
Қазақстан, 480091, Алматы, Чайковский көшесі, 190/184, 23-офис
Тел./факс (3272) 728 411, 728 421
E-mail: aruna_ltd@mail.ru

Көтерме бағамен сатып алу үшін «Аруна» баспасының сауда бөліміне хабарласу қажет. Тел./факс (3272) 728 411, 728 421
Осы және басқа кітаптарды кітап-поштаға тапсырыс жасау арқылы да алуларыңызға болады. E-mail: aruna_ltd@mail.ru

Пішімі 60x90 1/8. Борлы қағаз. Гарнитура «Школьная».
Шартты баспа табағы 11,5. Есепті баспа табағы 17.
Таралымы 10 000 дана. № тапсырыс.
«Атамұра» корпорациясының Полиграфия комбинаты,
Қазақстан, 480002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41-үй

«Аруна» баспасының дизайн орталығы
А. Романова